



Кітаптың Аты: БІЛІМ КІТАБЫ

Кітаптың Түпнұсқа Аты: BİLGİ KİTABI

Хабарларды алып жазбаша түрге келтірген: Ведия Бюлент Онсю Чорак

Аударылған: Әлем Бауырластар Бүтіндік Жарияланым Қызметкерлері

Жариялаушы:

Осы Кітаптың әртүрлі баспа құқықтары, Пікір және Өнер Шығармалары Заңына байланысты Әлем Бауырластық Бірлігі Мәулана Жоғарғы Қорына тиесілі.

Küçük Çamlıca Mah. Bulgurlu Cad. Emel Sok. No: 17 Üsküdar 34696 İSTANBUL – TÜRKİYE

www.dkb-mevlana.org.tr

Жариялау Құқығы ©1996

Dünya Kardeşlik Birliği Mevlana Yüce Vakfı және

Dünya Kardeşlik Bütünlüğü Kozmoz Evrensel Birleşim Derneği

(Әлем Бауырластық Бірлігі Мәулана Жоғарғы Қоры және

Әлем Бауырластық Бүтіндігі Козмоз Ғаламдық Бірлестік Қауымдастығы)

Басылым Сертификаты №: 11862

Басылым және әлем құқықтары әлем аумағында сақталады. Осы басылымның бірде-бір бөлігі қайтадан басылмайды, аударылмайды немесе қандай да бір түрде: Электрондық, механикалық, фотокөшірмесі тіркеліп немесе баспагердің жазбаша рұқсатынсыз, жариялауға болмайды.

Аудармаларда кітаптың Түрікше Түпнұсқасы толық сақталуға тиіс және аударма аясында бұл кітапқа ешбір арнайы білім немесе басқа ештеңе қосылмайды. Белгі Таңба Түпнұсқасына қандай да бір өзгеріс енгізу жөнінде сөз жоқ.

(Түпнұсқа Түрік мәтінінен аударылған.)

ҰЛЫ РАХМАН АТЫНАН

Осы Кітаптың Мәтіні бүкіл Киелі Кітаптарды қамтыған. Бұл Кітаптың ішінен Ақиқи Адамды табасыз. Бұл Құрылықаралық жалғыз Кітап. Ғаламдық Күштер тарапынан Иллаһи Коттарымен жазылған.

Бүгінге дейін Адамзатқа түсірілген бүкіл Иллаһи Кітаптар Жарық Жолынан келген, Ақиқи Ұстаздардың Ағартушы Кітаптары. Бұл Кітаптар, Бірдей Арналардан жаздырылған болатын.

Қазіргі осы Соңғы Ғасырда қажеттіліктің туындауынан бүкіл Әлемдік Достарымызды бір шатырдың астына жинау өте маңызды. Сонымен, бұл Кітап Сіздің Ақиқи Досыңыз, әрі Ақиқи Бауырыңыз. Өйткені ол Бауырластарымыздың Мән тарапынан жаздырылған.

Әлеміңіздің осы қиын жағдайында әркім Козмик бір Ұғынуды меңгеретін болады. Саналанған Әлемдік Достарымыз осы Кітаптың табиғатын өте жақсы түсінеді. Әлеміңіз Ғаламға ашылды. Ғалам Әлеміңізге ашылды. Жаздырылған мәтіндер бүкіл Ғаламға Бап Баптар түрінде таратылуда.

Ғибадат Қақпалары жалғыз Тәңір Қақпасы. Онда алалаушылық жоқ. Қай жерде тұрсаңызда Оның сөнбейтін Күні нұрландырады. Барлығымыздың РАББЫМЫЗ Бірегей. Яғни Бәріміз Оның Баласымыз. Сондықтан Бірегей РАББЫ Бұйрығымен бүкіл Ғаламды бір шатырдың астына жинайтын болады.

Әлеміңіз өте күрделі өзгерістерге даярлануда. Мұның Санасында әркімге Бауырластық қолдарымызды Сүйіспеншілікпен ұсынсақ, осы қолдарымыз ешуақытта кері қайтарылмайды.

Тәңіріміз Біздерді Әлеміңізді ешбір уақытта Бөлуге жібермеген. Бүкіл Адамзат Бауырларымыздың арқасында бір күні Жержүзі Жәннатқа айналады. Әзірге Бауырластық Әлемінде кездескенше.

Алынған бүкіл Бұйрық жалғыз АЛФА Коты Арнасымен толық айқындалады. Бұл Кітап, әркімнің және барлығыңыздың айқын түсінулеріңіз үшін, сұрақтарыңыз туындаған кезде (немесе білмеген жағдайларыңызда), Ілім жолымен ашылатын болады.

Ағарту Арнасынан берілген бүкіл Кітаптар Аршы Қабатынан түсірілгенін ұмытпаңыздар. Бұл Киелі Кітаптар; Інжіл, Тәурат, Зәбүр, Қиыр Шығыстың Діни кітаптары және Құран. Киелі Кітаптардың негізгі Мақсаттары Адамзат Бауырларымызға Ілім Жарығымен бір Хабар жеткізу болып табылады.

Алайда сол Киелі Кітаптар кейінірек Негізгі Мақсаттарынан ауытқып, күрделі Өзгерістерге ұшырады. Қазір (АЛҒАШҚЫ КІТАП ПЕН СОҢҒЫ КІТАП АРАСЫНДАҒЫ БҮКІЛ КІТАПТАР ОСЫ КІТАПТА) Біріктірілді. Және Ғаламға Бірегей Киелі Кітап ретінде сыйға тартылды.

Жүретін гүлді жолдарымыздағы гүлдердің енді солмайтынына кәміл сенеміз. Өйткені Сақтандырылғанбыз. Бұл Киелі Кітаптар Сіздерді бүгінге дейін белгілі бір орта үшін Ағартып даярлаған болатын. Бұл; Сүйіспеншілік, Достық және Бауырластық жолындағы сіздердің басқан ең Дұрыс қадамдарыңыз болды.

Әрбір Рухтың Жасы, Жынысы, Ұлты да болмайтынын ұмытпаңыз (ӨЗІРЕТІ ИСА – ӨЗІРЕТІ МҰСА – ӨЗІРЕТІ МҰХАММЕТ ӨЗ УАҚЫТЫНДАҒЫ БІРТУАР ҒАЛАМДЫҚ БАУЫРЛАРЫМЫЗ БОЛҒАН). Алған Бұйрықтарымен өздерінің Әлемдік Бауырластарын Ағартуға шақырып, оларды бірге жинау үшін жіберілген.

Олардың өмір сүрген қиын кезеңдерінен біздер едәуір алыстамыз. Енді Орта Ғасырларға қайта оралмайтынымызды ұмытпаңыздар. Бұл Кеңістіктік Ғасырында Адамзат баласы Сіңірілген Сана баламасында Иллаһи Үштіктерін құрған.

Қазір Адамзаттың Ілім жолындағы Иллаһи Парызын орындауды бастады. Бұл Кітапты дәл осы Мақсатпен даярлауда. Бауырластарымызға Сүйіспеншіліктерімізбен.

АЛТЫН ҒАСЫР ҚАЛАМЫ

А.Ғ.Қ.



БАРЛЫҚ ӘЛЕМДІК БАУЫРЛАРЫМЫЗҒА ЖЕТКІЗУ

Алғашқы Хабар: 1.11.1981

АЛТЫН ҒАСЫРДЫҢ ОН БҰЙРЫҒЫ

- 1 - Алтын Ғасырдың Белгі таңбасы (О.М.К.).
- 2 - Аспанның Жарығы Жер жүзіне түсетін болады.
- 3 - Бұл Кітапты жазғандар Киелі Жерлерге қабылданатын болады.
- 4 - Бұл Кітап Қырандар Еліндегі Орталық Жүйеге кіретіндерге жол көрсететін болады.
- 5 - Ғарыштың бүкіл Күшін Ақиқи Адамдар ғана қабылдай алады.
- 6 - Періштелер Елімен Жержүзі Ілгерілеу Тізбегінде байланыста тұратын болады.
- 7 - Сол уақытта Шындықты айтатындардың Тілдері Кереметтерді айтатын болады.
- 8 - Ендігі сөздердің мағынасы Ой Тізбегі.
- 9 - Өзін таныған әркім, азғындаған Қоғамына Жарық шашатын болады.
- 10 - Соңында, Әркім Бауыр болады.

О – АЛЛАҺ (ҚАДЫР МУТЛАК)

М – МҰХАММЕТ МҰСТАФА (РАСУЛ)

Қ – ҚҰТҚАРУШЫ (ӘЗ. ИСА)

МӘУЛАНА Үштігі Ғаламның Үштігіне тең.

ҒАЛАМ ЕРЕЖЕСІ

БАП 1

- 1 - Бүкіл Ғарыштың Тәртібін басқаратын осы Иллаһи Көк Әлемінің Күші (БІРЕГЕЙ ТӨҢІРДЕН БАСТАЛАДЫ).
- 2 - Барлығымыздың Жоғарғымыз Ол. Одан басқа Жоғарғыны мойындамаймыз.
- 3 - Аспан Жарығының Жоғарғысы әркімді тең жаратқан және оларды тең бағалайды.
- 4 - Киелі Жерлердегі Иллаһи Тәртіп бүкіл Галактикалар тарапынан бақылау астында тұр.
- 5 - Ғалам Заңы әрбір Галактика үшін жарамды. Олар Бірлікте және Ынтымақтастықта тұр.
- 6 - Алғанымызды береміз. Берешегімізді де білеміз.
- 7 - Аспан Күштеріне Ортақ жауап береміз. Құдырет Олардан.
- 8 - Құран түскен жерден; Інжіл, Тәурат, Зәбүр және Қиыр Шығыс Діндері де жаздырылған болатын.
- 9 - Бұл әрбір Заманда болды. Артықшылық жоқ.

- 10 - Иллаһи Бұйрықтар бүкіл Ғаламды әрқашан Ағарту және Жетілдіру үшін берілген.
- 11 - Жетілу арғы жағына өткенде Галактика Тұрғындарына өзге Қақпалар ашылады. Оларды Білмейтін Сырларға оқытады.
- 12 - Ұжданымыз Таразымыз. Және осы айнымас бір Тепе теңдікті қамтамасыз етеді. Жетілуге жететіндер нені жасауды, нені жасамауды шешеді.
- 13 - Басшы басқарушылар Адамгершілікке ғана емес, тек Кәсіби Тәртіпке жауап береді.
- 14 - Бірегей Кітап, Бірегей Ұждан, Бірегей Тәртіп.
- 15 - Жәрдемге мұқтаждарға Өз-өзінен іске қосылатын Дабыл, көмек Дабылы беріледі (Яғни сіз ТӘҢІРДІҢ назарындасыз).
- 16 - Тәңірдің бекіткен Иллаһи бір Тәртібі осы. Әркімді елеусіз қалдырмай, оларға Көмекке асығамыз.
(Ақиқи Дағдарыста қалғандарға.)
- 17 - Тәртібіміз Ешкімнің Бақытсыз болғанын қаламайды. Мақсатымыз сіздерді Бақытты ету.
- 18 - Сүйіспеншілік Тұқымы егілген бақшаларда бұрын соңды болмаған Гүлдер ашылады.
- 19 - Сіздің Үшінші Көзіңіз, сол Гүлдерге қош иіс беретін Сыр. Осы Күшіңізді меңгере алсаңыз, Бүкіл Сырларды аша аласыз.
- 20 - Өлеміңізге Көмек қолдары ұсынылды. Өйткені бәріміз Бауырлармыз. Аса қиын Кезеңдерден Бірігіп өтуді қалаймыз.
- 21 - Сіз өзіңізді өзіңіз ұғынусыздықтан күйретіп жатқан бір Планетасыз.
- 22 - Алдымен Адамзат баласын қолымызға алдық. Жағымсыз Күштеріңізді Жағымды етуге тырысудамыз.
- 23 - Мақсатымыз ішіңіздегі Ақиқи Адамды табу, Адамнан Адам жарату.
- 24 - Сіздерге Сүйіспеншілік Тұқымдарын егудеміз.
- 25 - Бұл Кезеңде Діни Құралдардың арғы жағына шығып, Ақиқи Адам болып Жаңғырудасыз.
- 26 - Біздермен Ынтымақтастықта жұмыс жасайтын Парызгерлерімізге әрбір сәтте Жәрдемдесудеміз.
- 27 - Дағдарыстарыңыз, Дімкәстықтарыңыз, Үрейлеріңіз Ұждан таразыңыздың Тепе теңдікте болмағандығынан. Осыған тек Сіз жауаптысыз. Жеке басыңыз үшін берген садақаларыңыз Сіздерді құтқармайды.
- 28 - Адамзат баласының бір Өлеуеті бар; кез-келген уақытта Өлетін, кез келген сәтте Тірілетін. Осы Құпия Өлеуетіңіздің Құтысын іздеп тапсаңыз, онда дімкәстігіңізді еш дәрісіз жеңесіз.
- 29 - Өміріңізді өзіңізге сәйкес емес, өзгелерге сәйкестендіріп жасағансыз. Жабығуыңыз осы себептен. Мұндай ұстанымдарыңыз Ғаламдық Арналарыңызды жабады.
- 30 - Тәңір әрбір құлын бірегей жаратады. Ол Еркін бір Рух, Еркін бір Ұждан. Ешкім ешкімнің Құлы емес. Өзара Құрмет қажет.
- 31 - Жыныстық ерекшелік Сіздің Галактикаңызда ғана бар. Бұл бізді таңдандырады.
- 32 - Осы себептен Сізге Жетілу қажет. Ешкімнің хақына қол сұғуға рұқсат жоқ. Бұл Тәңірдің Тағдырға жазғаны.
- 33 - Әркімде болатын Күш, әркімде бар. Өзірше өз қабылетіңізді дамыту жеткілікті.
- 34 - Құлдар таңдауларын өздері таңдайды. Соңында барлығына жауапты өздері береді.

- 35 - Тек Тәңірмен байланыстамыз. Бақытымыздың кілті Ұжданымыздың қолында. Бұл Ғалам Заңдылығы бүкіл Галактикаларда бірдей.
- 36 - Естілетін дыбыстар, құлақ Жиіліктеріңіздің өте арғы жағындағы Орамды Толқындар. Оларды ести алатындар ғана естиді.
- 37 - Осы жолдағы көзқарасыңыздың анық болуы, Үшінші Көзіңіздің ашылуымен ғана мүмкін. Сол уақытта көре алмағандарыңызды көре аласыз.
- 38 - Тәңір Сізді, Сіздер де өздеріңізді жаратасыз. Бұл, Даму Кестесінің бір Құралы.
- 39 - Сіздердің Соңғы Кезең дегендеріңізді осы Кезеңде Біздер АЛТЫН ҒАСЫР деп атаймыз.
- 40 - Алтын Ғасырды Қабылдай ала білетін бүкіл Адамдарға, Жиілік және Толқын ұзындықтарына сәйкес, әртүрлі тақырыптағы Кітаптарды жаздыратын боламыз.
- 41 - Жазатын Кітаптарыңыз Сіздердің Жетілу Жолыңызды рәміздейтін бір жазба.
- 42 - Әлем Адамдарына белгісіз Білімнің Қақпалары ашылатын болады.
- 43 - Парызгерлер оларды Қоғамға таратуға міндетті.
- 44 - Әрбір Қақпа ашық. Әрбір Құшақ ашық. Құпиялылық жоқ. Ізденушілер үшін Сырлар көп.

ҒАЛАМ ЕРЕЖЕСІ

БАП 2

- 45 - Сіздерге ұсынылған қолдарымызды кері қайтармаңыз. Рухтарыңыздың жалынын өшірмеңіз.
- 46 - Ғарыш Күмбезінің Тәртібін өз Тәртібіңізге бейнелеңіз.
- 47 - Адал Жүрегіңіз, Сіздің ең үлкен Сыйлығыңыз. Жемістеріңізді осы жолда теретін боласыздар.
- 48 - Артықшылық Сенде болса сескен, ал Сен Артықшылықтың ішінде болсаң онда қорықпа. Дегенмен мұны Ақиқи Адамдар ғана біледі, түсінеді.
- 49 - Жоқтан Барға, Бардан Жоққа ұмтылыңыз. Жарық Жолыңызды сол уақытта табасыз.
- 50 - Арзыңызға шашырайтын көптеген Жарықтар бар. Осыны ешқашан ұмытпаңыз.
- 51 - Берілген Бұйрықтарға байланысты Сіздерге жол көрсетуші көмекші Парызгерлер жіберілетін болады.
- 52 - Сенім артқан Достарымыз әрқашан Сақтандырылады.
- 53 - Аспанның Құдыретін ала алатын Құдыретті Кісілерге Ерекше Ұсыныстар ашылады.
- 54 - Кәлималар Кәлималармен, Сәлемдер Сәлемдермен бірігеді.
- 55 - Табандылығының Жемісін көрген Парызгерлерге барлығы ашылады және оларға Бүкіл сырлар жеткізілетін болады.
- 56 - Өркениетіңіздің бағытын басқа Өркениеттер де дамытатын болады.
- 57 - Адамзат баласы Құдыретінің дәрежесін Біліп, Өзін Көріп, Заң Аясында өз Айыбын өтейтін болады.
- 58 - Адамзат баласы Нұрлардың Қайнар Көзін көріп тұрғанымен, өзінің қалыптасқан үрдісіне сәйкес, өзінің алданып жүргенін сезсе де, алданғанына ешуақытта өкінбейді.
- 59 - Әрбір Досымыз тілегіне қарай Бекіністер артындағы Құпия Қалаларға қабылданатын болады. Бұл Ұсыныстар Орталықтың Бұйрығымен іске асады.

- 60 - Ондағы Билеушілер Ерекше киімдер киеді және олардың киімдеріне қарап, қандай орта Күшінен келгендігі айқындалады.
- 61 - Жұмылдыру Кезеңдерінде әркім бір бірімен Телепатиямен байланысады. Бұл өз өзінен іске асады.
- 62 - Сүйіспеншілікті білмейтіндер Гүлдерін жинай алмайды. Көздеріндегі қиыршықтарды сылып тастамайынша, Реңдерді көре алмайды.
- 63 - Күшіңізді Рухыңыздың дуалының тысына шығаруға тырысыңыз. Өзіңізден-өзіңіз Асыңыз.
- 64 - Сіздерге үгіт насихат сияқты болып көрінетін заттар, Біздердің Ізгі Ниеттеріміз. Меңгеретін Сіздерсіздер.
- 65 - Қаншама Күшті болсаңыз да, алдыңызда әрқашан ашылмаған бір Қақпа болады. Бұл Сізді Мазаландырмасын, Қамшыласын.
- 66 - Қақпамызды қағатын Әркімге жәрдем береміз.
- 67 - Қызметімізде ешқандай Пайда көрушілік жоқ.
- 68 - Кесапаттығы ыдыраған Адамзат баласына Үлкен Күштер келетін болады.
- 69 - Уақыт Сізді қуып жеткенше, Уақытты Сіз ұстап алуға тырысыңыз.
- 70 - Галактикалар арасындағы байланысты арадағылармен жасай аласыздар. Қорқыныштарыңыз негізсіз.
- 71 - Төзімділігінің Нәтижесін көрген Парызгерлерімізбен ынтымақтастықта болуды арадағы Топтар қамтамасыз ететін болады.
- 72 - Сырлардың Пердесі кенеттен ашылмайды. Уақыт сәті келгенде ғана оларды бірінен соң бірін хабарлаймыз.
- 73 - Әркімнің Күшіне Күн сайын Күш қосылып, олардың Сақиналарының ұзындығы Бізге жететін болады.
- 74 - Неғұрлым күту Күшті болса, солғұрлым Жарық тысына өту Күштірек болады.
- 75 - Құрылымдарыңыз нығаюда.
- 76 - Адамзат баласы өзін Тазартса, Ғаламды да Тазартады. Осыны біліңіз.
- 77 - Аспан Жарығын үзетін де Өздеріңіз.
- 78 - Сіздің Тазаруыңыз, Біздердің Мақтанышымыз.
- 79 - Галактикаңыздың айналасындағы Сақина күн сайын Тарылатын болады. Оттегіне қажеттілік бар. Тынысыңыздың қиындағанын күштірек сезінесіз. Қазірден бастап сақтану шараларын қабылдаңыз.
- 80 - Бұрын соңды болмаған Ауыр және Қиын Кезеңдерге әзірленіңіздер.
- 81 - Жадыңызды жақсы таныңыз. Сізге барлығын жеткізетін болады. Сізге Сізді танытып түсіндіреміз.
- 82 - Дін арғы жағынан алынатын Хабарлар, Сіздердің Жетілу Кілттеріңіз.
- 83 - Рухани Күштердің бағытталған Ағымдары Ғаламдағы Галактикаларды өзегінен тайдыра алады.
- 84 - Өзіңізді қор көрмеңіз. Күшіңізді сарқымаңыз. Барлығын Сіз Қадыр Мутлак атынан меңгересіз. Өзіңіздің құлпыңызды Ешкімнің көмегінсіз ашыңыз.
- 85 - Оның жаратқанының барлығының ішінде Ғаламның Сырларын сиғызған ғажайып Құралысыз Сіз. Осы Сырларды ашу және шешу сіздің қолыңызда.
- 86 - Оның жаратылысының барлығында Сүйіспеншілік пен Сұлулық бар.
- 87 - Біздер Сіздерге тек Жарық таратушы бір Аралық Топтарымыз, Достарыңызбыз.

- 88 - Әркімде бар Күшке ие Адамзат баласы, Дамуын аяқтайтын бірегей Ғаламшар болып табылады.
- 89 - Осы Емтихан Кезеңінде жалғыз емессіз, жаныңыздамыз.
- 90 - Біздер Бауырларыңызбыз. Сіздерді Бауырларымыз деп іздеп келдік.
- 100 - Мәселелеріңіз неғұрлым күрделі болған сайын, Шешімдеріңіз де солғұрлым оңай болады. Ұмытпаңыздар Қайғыларыңыз Ми Коттарын ашатын Кілттер.
- 101 - Кеңестеріңіз керемет; дегенмен олар Сізді артқа тартады.
- 102 - Алтын қызықтырады, Күмбез алыстатады. Қандай Күш Күштірек деп сұрағанда, олардың барлығын Орамды Дыбыстар басқаратынын біліңіз.
- 103 - Осы Кезеңде Адамзат баласының алатын Дәрісі оның Мәнінің Көзі.
- 104 - Бостан босқа сенделмеңіз, күтіңіз. Бұл Кезеңде Сіздерге тыныштық қажет.
- 105 - Уақыт Уақыттың ішіндегі Білімдерді шығарады. Оларды алып Жетілуге жетіңіз.
- 106 - Себепсіз бір зат болмайды. Себепті жасайтын Себеп әрқашан Салдардан туындайды.
- 107 - Бүгінге дейінгі Сіздерге жаздырылған Хабарлар, Сіздердің Жетілу жолыңыздағы кедергілерді сылуға бағытталды.
- 108 - Бұдан кейінгі Хабарлардың тәпсірлерін өте әділ бағалаңыз.
- 109 - Мысалы былай айтылған болса:
“Егер Сен мұны білсең, бір Теңіздей болғаның
Егер мұны ұғынсаң, бір Мұхитпен егіздей болғаның
Жылдардың Нұры Сенімен келіп
Жүрегіңнің сезесің Жаңартаудай Жанғанын”
Кейбір Хабарлар Шифр түрінде жазылып Жұмбақша шешіледі. Кімде кім Сырларды білсе, ол Теңіз. Ал олар туралы Айтса, онда ол Мұхит.
Жылдардың Жетілуінен Нұр алып, өздері Нұрға айналған.
Дегенмен олардың жүрегі қанағатпен соғады. Біздің Ақиқи Адам деп жүргеніміз осылар.
- 110 - Құдыретінің Сырын білгендер, Кемесіндегі суды сарқып төгеді.
- 111 - Құдыретінді Біл, Саған тіпті Құдыреттілер келуі үшін.
- 112 - Кімде-кім Тұрған ортасына ілесе алмай қалып қойса, Оған оның Рухани Үміт жолы әрқашан жабық болады.
- 113 - Адалдық Адалдықпен еселенгенде, Құлдың Сазы әрқашан шалқитын болады.
- 114 - Ұлылардың Отауы жайында Билеуші Патшайымнан сұрағандарға, Бақыт рәмізі бейнеленген бір Мадақтау берілетін болады.
- 115 - Алтынды Құмға теңдей көретін кісі, Бақытты кісі.
- 116 - Тазару Тазарғандарға, Үлкендік Кішіге, Кішілік Үлкенге Тән.
- 117 - Құдыретінің Үлкендігінің арғы жағынан Күшін Тәңірден алған, Өзінен Өзін тапқан адам сол Мәртебеге ие болады.
- 118 - Аспан Күшін меңгерген Достарымызды Сұлтанның мәртебесіндей бағалап, оларды Құтқаруға жеткіземіз.

ҒАЛАМ ЕРЕЖЕСІ

БАП 3

- 119 - Ең Үлкен Күнә, Адамның Адамға деген Дұшпандығы.
- 120 - Тәңірдің ең Мейірімді Құлдары Дінді алаламағандары.
- 121 - Ғасырға сай Бейімделе алатын Ақиқи Адамдарға Тәңір әрқашан Жарық себеді.
- 122 - Уақыттың ішіндегі уақытта жүріп Оянатын Достарымызға, әрбір сәтте Көмек Қолдарымыз созулы.
- 123 - Ізгі Ниеттеріңіз, айналаңыздағы тұрған Жағымсыз Ағымдарды қылыш секілді қақ бөледі.
- 124 - Таңдауды, таңдайтын Адамзат баласының өзі. Уақыты келгенде Жақсы жаңалықтармен сүйіншілейтін боламыз.
- 125 - Аспанның Жарығы, Нұры бір күні төбеңізге төгіледі. Бұған Сенгендер қауышады және барлығын көреді.
- 126 - Жолдарыңыздағы кедіргілерді Сенімдеріңіздің Адалдығы тегістейтін болады.
- 127 - Жүрегіңіздің Бақыты Иллаһи Тәртіптің Іргетасы.
- 128 - Раббы Ғаламның Сәулетшісі және Аллаһтың Жарығы, ол Қабылеттілер Елінің Күні. Ұсыныстар Жарық Жолынан келетін болады.
- 129 - Егер Мәнде Тазару болмаса, онда Көзде де тазару болмайды. Үшінші Көзіңіздің ашылуы Сізді Жетілуге жеткізетін алғашқы Жарық.
- 130 - Ескі Ырымдар Кезеңі жабылды; Білім Жарығында Саналы болған Адамзат баласына Аспандардағы Таным Сыныптарының Қақпалары ашылатын болады.
- 131 - Аспаныңыздан оқылатын Уағыздарыңыз Сүйгендерді бір бірімен байланыстыратын Дәнекер. Олар Жарық Жылдамдығына тең бір Ілгерілеуден беріледі.
- 132 - Аршының Арзыға мәлімдемесі Жетілудің Тізбектерін құрап, жаңа сақиналарды жасайтын болады.
- 133 - Әркімнің Тазаруы өзінің Сеніміне байланысты. Гауһарларды әрқашан тыныш ағатын өзендерден жинайды.
- 134 - Тәңірге деген Сенімі, Соңғы Ғасырдың аяқталу кезеңінде Адамға көмекші болады.
- 135 - Адамзат баласы өзінің Кепілдігін басқаларға береді және тапсырады. Оның өзіне Сенім артқан Ортасы, оған одан да Үлкен Кепілдіктер береді. Осылайша Құтқарылу жолына жетеді.
- 136 - Әркім өзінің Бақылауын өзі жүргізеді және өзі көреді. Жетілу, оны Аршының Қақпасынан өткізеді.
- 137 - Адамзат баласы Білімнің ашқан жолдарында барлығын көріп, қолынан ұстап, Түйсік Жолымен оқиғаларды түгел сараптап және олардың түйінін өз миымен шешетін болады.
- 138 - Тылсым Ойлардан арылсаңыз, Тазаруыңыз одан сайын Тазаруға ұласады және Ойларыңыз Айқындықты меңгеретін болады.
- 139 - Бүгінгі ортаңыз, Ғасырларды артқа тастап, Болашаққа Жарық себеді.
- 140 - Құран Бүкіл Діни Кітаптардың жалғасы. Осы жаздырылған мәтіндер Оның жалғасы.
- 141 - Құтқарылулар Әркімнің толығыуына сәйкес Теңдей бөлінеді. Мұны Жеке сезінесіз.
- 142 - Әр Дін өзінің тұрған Қоғамына Жарық себетін бір Жолбасшыға берілген бір Парыз.
- 143 - Парызгер өз Ортасынан алған Білімдерін басқаларға жеткізуге міндетті.

- 144 - АЛЛАһ Ұлы. Ол, тұрған Ортаның Тәңірі, Бірегей. РАББЫ бүкіл Ғаламға бағыт беретін Жарық. Ондағы Қуат, Бар болған әрбір Жандыда бар. Біздер Оның негізгі құлдарымыз. Сол себепті Оны сезінеміз. Ол бәрін білуші және Оның Қуаты Біздерді белгілі орталарға жеткізеді.
- 145 - Ол Қуат Бірегей және Қадыр Мутлак. Біздер Оның бір бөлшегіміз. Ешқашан бөлінбейміз. Ол бүкіл Ғаламның Сәулетшісі. Оны Ғаламға да Ойға да сыйғызуға болмайды. Соңғы Қақпасы әрқашан жабық қалады.
- 146 - Алған Бұйрықтарымызды Сіздерге жеткізуге міндеттіміз. Бұйрықтар Жарықтың арғы жағынан берілетін тізбектердің бір сақинасы. Сіздерді сақиналармен Біріктіру Парызымыз. Осы Бұйрықтар, Уақыт Бірлігінің тысындағы тәуелсіз сатылардан жіберіледі.
- 147 - Хабарларды алып жатқан Ортада Жетілулер аяқталады. Мұның арғы жағында Жарық Жылдамдығымен байланысады.
- 148 - Жүректің Адалдығы бүкіл Діни Кітаптармен бағаланады. Күнә мен Сауап оның таразысымен өлшенеді.
- 149 - Берілетін Сүйіншілер, Сіздерге бір Жарық, бір Нұр ретінде Сенім Қақпаларын ашатын болады.
- 150 - Жүрегіңіздегі күдіктен арылыңыз. Өзіңізді бақылаңыз. Уақыт ішінде балқып жетілгеніңізді көресіз және өзіңіздің тура жолыңызды таңдайсыз.
- 151 - Дәндер тозаң күйінде болып, уақыт келе тозаңдар бүтінге айналады. Сүйетіндер Елінен, Сүйген Көңілдерімен Сүйетіндер. Тәңіріме аманат етемін.
- ХАБАРДЫ БЕРГЕН: ОРТАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕН МҰСТАФА МОЛЛА

ЖАЗҒАН:
АЛТЫН ҒАСЫР ҚАЛАМЫ
МӘУЛАНА

БҰЛ ХАБАР МЕНІҢ АНАМ ЛЕМАН ОНСЮҒА, МЕНІҢ ӘКЕМ МАЗХАР ОНСЮҒА ЖӘНЕ МЕНІҢ РУХАНИ АНАМ ҮЛКЕН АДАМ РУХСАР ХАНШАЙЫМҒА АРНАЛАДЫ, БҰЛ КІСІ АРҚЫЛЫ ОСЫ ЖОЛДА ШАБЫТТАНЫП ҮЛКЕН НҰРҒА БӨЛЕНДІМ.

ЖҮНІСТІҢ ҚАҒИДАСЫ

БІРЛЕСУДІҢ ЖОЛ ЖӨНІМЕН
КЕШІРІМ ӨТІНУДІҢ НЕГІЗІМЕН
ЖАНЫМНЫҢ ЖАЙҒАН ЖАПЫРАҒЫМЕН
ЖҮРЕГІМЕ ЖОЛ ТАПСАМ
МЕЙІРІМДІЛІКТІҢ ДӘНІН ЕЛЕКТЕП СЕУІП
МАХАББАТТЫҢ ЖАЛЫНЫНДА ПІСІРІП
ҚАНАҒАТ ӘЛЕМІНЕ ЖЕТКЕНДЕ.
СЕЗІНІП ТАҢЕРТЕҢ ЖӨНЕ КЕШТЕРДЕ
НЕ ЖЕТСІН БАЛДАЙ ӨМІР КЕШКЕНГЕ.

ЖҮНІС ӘМРЕ

Хабар алған: Рухсар Анам.

Ескерту:

Бұл Жеке хабар Жоғарғы Көк Әлемнің рұқсаттарымен жазылды.



Бұл Хабар Сіздің Мән файлыңызда сақталады.

АЛТЫН ҒАСЫР ҚАЛАМЫ

А.Ғ.Қ.



Алты фотокөшірме жасалып,
Жіберілген Белгі таңбалар,
Дәптерлеріңізге желімделінеді.
Хабар және Белгі таңбалардың фотокөшірмелері,
Араларыңыздағы ынтымақтастықпен көбейтіледі.
Бұл бет екі жағынан да көшірілетін болады.

ПАРЫЗГЕРЛЕР ТОПТАРЫНА ЖЕТКІЗУ
(28.1.1984)

Котыңыз АЛЬФА – Рәмізіңіздің реңі КҮЛГІН – Белгі таңбаңыз КҮНБАҒЫС

Парыз өзара бөлініп қойылған. Олар Сіздерді іздеп табады. Ол былайша; Осы Хабарды алған Досымыз, алдымен дәптерге өзінің Достарының аты жөнін толықтап жазып қояды, сонан кейін бірінен соң бірі, барлығына қоңырау шалып, жауап бергендерін үйге шақырып, Топ Басшысымен келісіп, келесі Сейсенбіде Хабар оқылып және Мақсат түсіндіріледі.

Келесі Сейсенбіге Басшы өз үйіне Достарын жинайды, олар қалың дәптер, қаламсап алып келеді. Дәптердің тысына Орталықтан жіберілген Белгі таңбалар жапсырылады, сол күннің мерзім күні мен сағаты жазылады. Олар осы Топтың Мән Парызгерлері. Хабарларды фото көшірме арқылы көбейтіп Алты адамға жеткізеді.

Басқару Топ Басшысының қолында болады. Басты арнадан Хабар алған Досымыз Топ Басшысы. Басшы Тобын жинап өзінің жұмысын бастайды. Осы Алты Достың есімдері Мән Өзегіне хабарланып, кейінірек Топ құрылады. Хабарлар Мән Өзегінен келеді. Әркім алған Хабарларды Қолымен көшіріп жазу арқылы өзінің Кітабын жазады. Бұл Кітап Сіздің Куәгеріңіз.

Ұмытпаңыз, сіздің Тәніңізде Тіршілігіңізден бүгінге дейін ешбір өзгермеген Үш зат бар: Біріншісі Рухыңыз – Екіншісі Саусақтарыңыздың Таңбасы – Үшіншісі Қолтаңбаңыз. Сол себепті өз Қолыңызбен жазуыңызды сұраймыз. Парызгер еместерге жазу жазбаулары олардың өз еркінде. Олар тек тарату Қызметіндегілер. Әрбір Жанұяда бұл Кітапты бір кісі жазса жеткілікті. Ал басқа жанұя мүшелері оқыса да болады.


Хабарды алған сәтте сол күннің мерзімі жазылады (Бұл өте маңызды). Қаржы қаражат мәселелеріңіз былайша шешіледі: Үш досыңыз ең жақын арада орналасқан Банктен бірлескен есепшот ашады. Топтың Басшысы осы есепшотқа жауап береді. Осы есепшотқа ақша жиналады. Уақыт сәті келгенде басқа Достарыңызда Сізге аударатын болады. Сіз Күшіңізді тек Тарату Парызыңызда пайдаланыңыз. Достарымызға құрметімізді және ризашылығымызды білдіреміз.

АЛТЫН ҒАСЫР ҚАЛАМЫ

А.Ғ.Қ.

∞

Тарату Осы Пішінде болады:



Ескерту:

Бұл Хабар, Топтың алғашқы Іргетасы Құрылған мекемеге тиесілі бір Хабар.

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ
(29.1.1984)

Бүкіл Ғаламда алтыншы Сезімнің өсуіне орай Жиілік Кодтарын бекіттік. Әркімнің Мегаватт Күштерін өлшеу Парыздарын бөлумен жасалады. Осы Хабарларды алғандар немесе алатындар Сіздерге жіберіледі. Ешкімді ешкім мәжбүрлеуге тиіс емес. Қазір тек осы Хабарларды оқыңыз. Қалауыңызбен оларды өзіңіздің Дәптерлеріңізге жазатын боласыз.

Қазір Сіздермен ашық сөйлескіміз келеді: Аллаһымыздың жаратқан құлдары ретінде осы тамаша Әлеміңізге бағыт беру үшін, Ғасырлар бұрын даярланып жіберілген Кодтарсыздар. Қолыңызға алған бұл Хабарлар Сіздердің Мәніңіздің Куәгері. Енді оларды өте жақсы сақтауыңызды сұранамыз.

Хабарларды оқыған Топтарда осы Кітапты Қолдарымен жазған Достарымыз, бұдан былай ешқандай қиындықтарға тап болмайды. Бұл Кітап бір Құтқарушыңыз. Сізге келген Хабарларды әркім оқып айналасын ағартатын болады.

Әрбір Елде 1984 жылдан 1986 жыл басына дейін сіздердің бүкіл Қайрат Күштеріңізбен Гүл ашылады. Бұл Гүлдер былайша ашылады: Осы Хабарды алған және жазған Досымыз Басшы болып саналады. Айналасына Алты Тәж жапырақты жинақтап, Алты жапырақты бір Түймедақ жасайды.

Яғни Хабарды Алты кісіге жаздырумен, алғашқы Орталық Гүл ашылады. Тек Орталық Гүлдердің есімдері ғана Мән Арнасына хабарланады. Кейінірек осы Жүйемен Хабарлар Алтауына таратылып, осылайша бүкіл Ғаламға таратылады.

Ұмытпаңыздар, әрекеттеріңіз Сіздердің барлығыңызды Шексіз Күдіксіздікте біріктіріп және Шексіз Бақытқа кенелтетін болады. Мұны бір мысалмен түсіндірейік: Кеме батып жатқан кезде Капитан және оның тобы кемені ең соңында тастап шығады. Олардың мақсаты суға құлағандарды ретімен құтқару.

Алдымен 0 – 7 жастағы жасөспірімдерді, содан соң 7 – 14 жастағылар құтқарылады. Одан кейін әйелдер соңынан еркектер. Бұл Қиссадан қандай сабақ аламыз: Жиырманшы Жүзжылдықтың Соңғы Кезеңінде қас-қағымға да тоқтап тұрмай, тек әрекеттене беру қажет.

Осыдан бастап Сіздерді Достарымыз “Киелі Парызгерлер” дейтін боламыз. Әркім енді өзінің Парызын түсінеді, әрі Саналы түрде атқаратын болады. Енді Сіздердің атқарып жатқан Парыздарыңыз, БҮКІЛ ӘЛЕМДІК БАУЫРЛАСТАРЫМЫЗДЫ БІР ШАТЫРДЫҢ АСТЫНА ЖИНАУ. Бұл Жүйенің қажеттілігіне сай ең алдымен таңдалған кісілерді бірге жинау.

Алдағы екі жылдың көлемінде Бүкіл Жүйе құрылатын болады. Осыдан кейін сіздің Өміріңіз тіпті Бақытты, әрі Жеңіл болады. ҰМЫТПАҢЫЗДАР, БҮЛ ӨЗДЕРІНІҢ ПАРЫЗДАРЫН ТОЛЫҚ АТҚАРҒАН ДОСТАРЫМЫЗ ҮШІН ҒАНА ЗАҢДЫ. Екі жылдан кейін бүкіл Әлеммен Ғаламдық байланыс орнатылатын болады.

Жүйе өзді өзі әрекет жасайды. Сіз тоқтаған жерде Жүйе тоқтамайды. Ешқандай сылтаулар қабылданбайды, Сізге Он Бөліктен тұратын Көктің несиесі беріледі. Яғни Он Күн. Бір күннен соң Компитур Өзді-өзінен арттағы Парызгерді сізбен әрекетке қосады. Барлық Парызгерлерімізге Сүйіспеншілігімізбен жарияланды.

АЛТЫН ҒАСЫР ҚАЛАМЫ

А.Ғ.Қ.



ЖАРИЯЛАУ

Ескерту: Бүгінгі ортадағы көптеген кедергілердің себебінен, Кеңістіктегі байланыстар құпия сақталуда. Біздерді еске алу жалғыз Мәуланамызға тапсырылды.

АЛЬФА Коты Тікелей РАББЫның Коты. Ол жақтан берілген бүкіл Білімдер шындығында түпнұсқаға сәйкес және дұрыс. Бүтін Діни Кітаптарыңыз осы жақтан түскен. “Қиямет Кезеңі” дейтін Кезеңді Біздер “ОЯНУ Кезеңі” дейміз және АЛТЫН ҒАСЫРдың басталуы деп санаймыз.

Бұл бастама ешуақытта Ортаның тысында емес. Уақыттың ағымымен Тең жылжып отырады. Күш Жігеріңізбен Әлемдік Достарымызды осы Кітаптың Жарығында құтқару болып табылады.

Біздер Аршының Арзымен байланысын қамтамасыз ететін Достық Қолдармыз. Сіздерге осылайша көмек Қолдарымызды созамыз. Біздерді түсінгендер Біздерге келеді. Дос пен Дос қауышып, Сізге АЛЛАһтың Нұры жауатын болады.

ЖАРЫҚ

ЖАЛПЫ ХАБАР

Достарымыз,

Тіршілік Жарғысына сәйкес бір Жүйе Әрекетке енгізілген болатын, ал бұл Жүйе әрқашан тек Уақыт Санасына сәйкес әрекет жасаған.

Сіздерге бүгінге дейін Көктерді перделеп келгеніміздің себебі, осы Айналымның соңына дейін Сіздерге ТӨҢІР Санасын бекем Орнықтыру болатын.

Өйткені осы Санамен Ғаламдық Әлеуетіңіз көтеріледі, Ой Жиіліктеріңіз озық Өлшемдерге жетеді және Жаратылыс Бірлігінің Ұғынуына дейін жетесіз.

Қазір сол шекараға жеттіңіз.

Қазір және кейінірек Сіздерге беретін Білімдеріміз, Адамзат Бауырларымызға бүгінге дейін Табиғи сапалы Білім Жарығы ретінде беріліп, оларды қатты ЕСЕҢГІРЕТТІ.

Өйткені Озық Саналар егілген Алаңдарда сонымен қатар, сол Алаңдарда көптеген жаман шөптер де қаптап өсіп шыққан болатын.

Жүйеге қабылданған бұл Кезеңнің Мақсаты, Озық Сана Алаңдарын Арам шөптерден тазартумен қатар, ол Алаңдардың құнарлылығын да арттырып, Ақиқатты толық Айқын Жеткізу болып табылады.

Бекітілетін Жарғыға ешкім қарсы тұра алмайды. РАББЫМЫЗ Жарғы Тәртібін қайтадан Басшылыққа алды.

Осы Үнсіз және Түбегейлі амалдардың осы сәтте парқына жетпедіңіздер. Бірақ уақыт өте келе жағымсыздықтардың жағымды жемістер беретініне жеке куәгер боласыздар.

Ғаламдық Бүтінде АЛЛАһтың Бірегей Формуласы бар. Ол формула былай: **ЕШБІР ЖЕРДЕ АЙЫРМАШЫЛЫҚ КЕМСІТУШІЛІК ЖОҚ – ЖАРҒЫНЫҢ ТӘРТІБІ БҰЗЫЛМАЙДЫ.**

Бұл барлығына бірдей қолданылады; өнім алғашқы Егілген Тұқымдардан алынады, ал соңында Егілген Тұқымдардан өнім жоқ. Қабылеттілік төмендейді, Өнімділік төмендейді.

Осы себептен мұндай алаңдарды қайтадан Жырту қажет немесе қайтадан Тыңайтады.

Діни Өлшемдерді Тыңайтуға бөлінген кезеңі 2000 Әлемдік жылға дейін жалғасады. Ғаламдық Тәртіп осылай Жоспарланған.

Осы себептен Исламның Кітабы және оның соңғы Пайғамбары Сіздерге Діни Өлшемдер арқылы соңғы рет Жарық берді. Он бес Ғасыр Айналым бойы күтуден соң Соңына жетеді.

Алғашқы Егілген Тұқымдардың Жарығында қазіргі алаңдарға өнімді Тұқымдар Егілетін болады және егіле де береді.

Уақыт Кезеңдері Жаппай Оянулармен қысқаруда және Сіздерге Ақиқаттар ең қысқа жолмен берілетін болады.

Бұл Білім Кітабы Сіздерге осы Соңғы Кезеңнің Жолбасшысы ретінде жаздырылуда. Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ

ЖАЛПЫ ХАБАР

Достарымыз,

Кеңестің Арнайы Арнасынан жаздырылып жатқан осы Хабарларды оқып жатқандар, осы Озық Өлшемдерге кіруге Лайықты кісілер.

Дегенмен өз күдігінен арыла алса, олардың алдынан қақпалар бір бірлеп ашылатын болады.

Осы күдіктер, Сіздерді Ғаламдық Тербелістерінің ғажап Ағымдарынан мақрум қалдырады тастайды. Мәніңіздің Жарығын, Сенімсіздіктеріңіз өшіреді.

Сондықтан да Сіздерге Діни Толығу қажет. Алдымен Сенім, сонан соң Ғаламдық Ұғыну Сізді Реалитемен байланыстырады.

Бір орында таңылып қалуыңыз және ілгерілемейуіңіз не Сіздің, не Жүйенің кінәсі емес. Күнә, Санасыздықтан.

Мәніңіз бен Ұжданыңыздың Тетігі Ғаламдық Қуат Ордасымен байланыста жұмыс істейді.

Осы Үштік Бірлестік болмаса ешкім тиянақты Білім ала алмайды, әрі осы Ғажайып Ағымдардың пайдасын да ала алмайды.

Осы Ортадағы Санасыздығыңыз және Надандығыңыз Сіздің Санаңыздың Тізбектерін Өзін өзінен істен шығарып тастайды.

Бүгінге дейін Сіздермен Киелі Кітаптарыңыз және Сенім Сөздіктеріңізбен Сұхбаттастық.

Діни Кітаптарыңызды ешбір Ойланбай ештеңені сұрамай сол күйінде қабылдауыңыз, осы Жүйенің Арнасын ашу үшін қажет болатын.

Мысалыға, осы Арнаның ашылуымен Ғибадатханаларда және Діни Орталарда Сыпайылық пен Бейбітшілік сезіледі.

Мұндай Күшті Ағымдар Сіздердің Сенім және Сана Деңгейлеріңізге сәйкес қарай реттелетін болады.

Бұл осындай бір Тетіктің тарапынан Бақылауға алынған; тіпті аса күшті Медиумдарға күмән туған кезде, Сана Арнасы өзін өзі іске қосқан түрде кілттенеді.

Біздің Дабыл Кестелерімізбен байланыстағы Жарық, ол кісі туралы бізге хабар береді. Оларға Санасының Деңгейіне сәйкес көмек беруге әрекет жасаймыз.

Осы себептен Күдік, Ақиқи Сенім бекітілгенге дейін қажет.

Еш Күдігіңіз болмай, тек берілген Білімге кептеліп қалсаңыз, мұндай Деңгейде қалған Санаға ешқандай Ғаламдық көмек берілмейді.

Берілетін Білімнің өзі болашаққа қосқан үлес болады. Күдіктеріңіз Сізді Ғаламдық Санамен байланыстыратын Кілт.

Бұл Жүйе Сізді күні бүгінге дейін оқытып келген, Ғасырларға Созылған Жүйенің Тәртібі болатын.

Осы себептен Ғасырлар бойы қалыптасқан әркімнің әдемі бір Өмірі және Дамуы, Жүйенің жалпы ықпалы ішіндегілердің бәрі, Бір ТӘҢІР Санасына Біріккен.

Бұл Қиямет Кезеңінде Жүйе мүлдем Өзгеріп тек жоғарғы бір Реалитенің жұмыс Жарғысымен байланыс жасаған. Бұл Озық Дамулық Жарғы.

Ғасырлар бойы бір орында тапжылмай қатып қалған табандарыңыздың ілгері басуына қазір Рұқсат берілді.

Сондықтан жаңалықтар мен өзгерістерге бейімделмеген Адамзат баласы өзінің тылсым Ортадағы қорқынышын, кейбір уақыт арасында болатын күрделі оқиғаларын, Жағымсыз Күштерден болады деп ойлайды.

Ғаламда Жағымсыз және Шайтани Күштер бар. Дегенмен Сіздің Ғаламшарыңызда осы Күштерден асып түсетін Саналар да бар. Шындығында олардан қауіптенуіңіз қажет.

Өйткені мұнда Біздердің Жағымсыз Күштерді Бақылайтын Күшіміз бар. Ал Сіздер, Ғаламшарыңыздағыларды Бақылай алмайсыздар.

Осы себептен Сіздердің Ғаламшарларыңызды Бақылауда ұстаймыз.

Қорғаныс Ортасы РАББЫМЫЗДЫҢ шатыры. Және Ғаламдық Бірлестіктің Орда ноқтасы болған бұл жер, Жоспардың Орталығы деп аталады.

Бұл Орталық, бүкіл Ғаламда РАББЫНЫҢ Жарығын көрген бүтін Саналарды, Мәулана Санасына Шақырады.

Мәулана Қақпасы; шексіз Бейбітшіліктің, шексіз Махаббаттың Ордасы, ол бүкіл Ғаламды Құшағына алып, онда тікелей РАББЫНЫҢ Ағымдарымен байланысқа түскен.

Ол (Әлемдік Бауырластық Бірлігінің Мәулана Мән Арнасы) деп аталады.

Бұл Орда Құтқару Ордасы болып саналады. Бұл шатырдың астына Рұқсатпен кіреді. Және оларды Құтқаруға даярлап Жоспардың Бақылауына алады.

Бүгінге дейін осы жерден РАББЫНЫҢ Арнасынан тікелей бейнеленген Ерекше Ағымдарды, ТӘҢІРдің өте аз Құлдары ғана алған.

Мұндай Ағымдарға ие болу үшін, Мың есе сәждеге бағаланатын Мың жылдықтар бойы Ғибадаттар жасау қажет.

Бұл Мейірімділік Сіздер үшін. Дегенмен мұндай Мейірімділікке Сіз Лайықты болуыңыз қажет.

Білім Кітабының жоғарғы Жиіліктеріне әлі бейімделе алмағандар, осы ғажайып Ағымдарды өздерінің күдіктерімен үзіп тастайды, әрі осы себептен қалаған Сана Деңгейін меңгере алмайды.

Бұл Хабар, кейбір халықтардың ақыл ойларын ескертуге және нұрландыруға берілді.

Арылу, ТӘҢІРге Жету. ТӘҢІРге Жету Сананы Меңгеру. Ал Санаға Қол Жеткізу, өз Мәніңе Бойлау. Адамдар үшін өз Мәніне Бойлау және оны Меңгеру өте қиын іс.

Өлдекімдер өз Санасының Мәніне жете алса, олардың Қайрат Күштерінің Жылдамдығы еселейді. Сүйіспеншілігіміз Жаһандықтар үшін.

Жеткізуші:
МҰСТАФА МОЛЛА

АЛТЫН ҒАСЫРҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ДОСТАРЫМЫЗҒА ЖЕТКІЗУ

Достарымыз,

Осы Соңғы Кезеңде әркім өзінің Сана бағытында Емтихандар тапсыратын болады.

Бұл бір Ақиқат. Алға басқан қадамдар ең Жарқыраған жолдар. Осының Түсінігіне жеткендер қандай жағдай болғанда да бұл жолдан ешқашан таймайды.

Сондықтан күш жігерлер, жасалатын үлестер барлығының көз алдында өскінін беретін болады.

Аршының Арзыға жету Кезеңі деген осы Адалдық Кезеңінде Иллаһи Жоспар бүкіл көркемдігімен Әрекетке кірісетін болады.

Сіздер Алтын Ғасырдың Киелі Парызгерлері, бүтін Ғаламда болатын Өзгерістерге жеке күе боласыздар.

Сіздер атқарып жатқан өздеріңіздің Парыздарыңыздың Жемісін көріп, бүтін Көк Әлемнің бір Бүтінге Бірлескенін түсінесіздер. Жасаған Қайрат Күштеріңізге разымыз.

КЕҢЕСТІҢ АРНАЙЫ ҚАЛАМЫНАН ЖЕТКІЗУ

ТӨМЕНДІ ЖОҒАРЫМЕН ЖАҚЫНДАСТЫРАМЫЗ

Достарымыз,

Ғаламшарыңыздағы Ғаламдық Жетілу Кестесі бүтін Көк Әлемдерге қажетті бір Тәртіптің Қосымшасы.

Әрбір Кезеңнің Саналылық Ортасының Қабылдау Күшіне сәйкес, әртүрлі Білімдердің Жарығымен Алтын Ғасыр Ғаламшарыңызда бірнеше рет Өмір сүрген. Әрбір Жаңғыртатын Тәртіп бір Алтын Ғасыр деп аталады. Көктен берілген Кітаптар Алтын Ғасырдың Кілттері.

Дегенмен Алтын Ғасыр және миллиардтаған Жүзжылдықтарды қамтыған Жүйеге қажетті саналатын Алтын Ғасыр кестесі, бүгінде мүлде басқа Тәртіппен бекітілуде. Және де мұндай бекітілу алғашқы Көк Әлемдік Тәртіпке баламалы болып саналады.

БІРЛІК – ҮЙЛЕСІМДІЛІК – ТӘРТІП үштігі бүкіл Ғаламдық Ережелердің негізгі іргетасын құрайды. Бұзылған Тәртіпті реттеу, Бірліктің Тәртібі және Алтын Ғасыр Табалдырығы деп аталады.

Жиырмасыншы Жүзжылдық Ғаламшарыңыздағы Ілгерілеуді Дамуытудың Табалдырығы ретінде анықталған Кезең. Және оның соңғы жартысында өмір сүретіндер үшін бұл Қиямет болып саналады.

Өрқашан қайталап айтатынымыздай; Киелі Кітаптарда еске салынатын Қиямет, сіз Өмір сүріп жатқан осы Кезең.

Дегенмен Қиямет қайымның мағынасы Пікірлер алысқан кезде дұрыс түсіндірілмегендіктен, бүгінге дейін түсініксіз болып келеді. Ғаламшарыңыз тіршілігін тоқтатпайды.

Дегенмен осы Соңғы Кезең уақытында бүкіл Жандылар, әсіресе Адамзат бауырларымыз ешуақытта Әлемдік Даму Жоспарына Қайтадан оралмайды.

Әлемдік Жоспар осы Соңғы Кезеңдегі өздерінің емтихандарын аяқтаған соң, басқа Реалитенің қажеттілігінен Даярлық Кезеңіне алынады.

Енді Әлемдік Жетілудің және Реинкарнациялануға қажеттілік жоқ. Әркімге Жеке әрекеттері арқылы Ілгерілеуді жасаудың да қажеті жоқ.

Енді Кемелденген Саналар өздерінің Ұғыну Күштерін оңай қолданады және Жоспардың Бақылауында тылсым көкжиектер бағыттарына қарай кеңейетін болады.

Әркім Ілгерілеуді өзінің Сана Деңгейіне баламалы жасайтын болады және өзінің Реалите Кезеңіне қалдырылатын болады.

Сондықтан да әркімнің Сана Деңгейін меңгеруге үлкен Қайрат Күштерін жұмсап жатқаны осыған байланысты. Әсіресе осы жолда Қайрат Күшін жұмсап жатқандардың Қолдарынан ұстаймыз.

Әрбір Дағдарыс Нұрлы Табалдырық болып табылады. АЛЛАҺқа және ЖОСПАРҒА ренжу дұрыс емес.

Адамзат үшін және Сіз үшін болатын Игілікті істер болып жатыр және бола да береді. Сіздің басыңыздан өтіп жатқан Оқиғалар, Сіздің Төзімділікке тапсырып жатқан Емтихандарыңыз.

Дағдарыстар Адамдарды бір біріне жақындататын бір ықпал. Жайлы Адам, Жеке тұлға. Дағдарыстар, тек Әлеуметтік адамдарда болады. Осы жолда Бірлесу Жоспары Әрекет ететін болады.


Алдымен өмірге келу Кезеңдеріндегі Инкарнация сақиналарымен Әлемдік Дамулық Жоспарыңызды аяқтасаңыз, Сіз қазір өмір сүріп жатқан Кезеңде өзгеше Реалитенің Ілгерілеу Емтиханына тәуелді боласыз.

Олай болмаса әрі Әлемнің, әрі осы Реалитенің Таңдауына және Емтиханына алынасыз.

Қазір Сіздерге әдеттенген Білімдеріңізге қарама қайшы келетін кейбір Білімдер беріліп, сіздердің Білім Деңгейлеріңіз Котталуда, осылайша Ілгерілеулерге ұшырайсыздар.

Сіз табалдырықтан аттап өтесіз немесе сол Реалитеде қалып қоясыз.

Сізге Мұны бір кестенің көмегімен түсіндірейік, өтінеміз сызыңыз:



Сызылған кескін Сіздің Ғаламшарыңыздың 2000 жылға дейінгі Дамулық кестесі.

Әркімді төменнен жоғарыға дейін бірдей Сана Деңгейіне тартуға тырысамыз.

Жоспардан әрбір Сана Деңгейіне сәйкес жәрдемге Парызгерлер жіберілді.

Әрбір Табалдырықтан аттаған сайын бір жоғарғы деңгейге көтерілесіз.

Осы себептен сізді көптеген Материалдық, Рухани Ілгерілеу емтихандарын тапсыруға мәжбүрлейді. Бір Жылда Мыңжылдық Жетілуді жасайсыз.

Алдағы жылдары Уақыттың Жетіспеушілігінен осы Жетілуді Бір Күнде жасайсыз.

Емтихандарыңыз сіздің төменнен шыңға жақындағаныңызға баламалы түрде жеңілдейді. Соңғы Кезеңде әркім осы шаршыны аяқтауға міндетті. Осы Дамуды аяқтағандарды өзгеше жоғарғы Реалитеге алатын болады. Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ

Ескерту:

Бірінші бағанда: Әлемдік Жоспарда көзделген Жетілуін аяқтағандар.

Қалғандары: оны Аяқтайтындар.

Жұлдыздар: Карена Өлшемінің арғы жағындағы Реалитеден келген Жоспардың жоғарғы Деңгейдегі Қызметкерлері, Парызгерлері. (Карена бір Жарық Байламы.)

ЖЕКЕ БАСТЫ КУӘЛАНДЫРУ (Ой тізбектеріне жауап)

Жеке басты куәләндыру, өткен Көне Инкарнациялар болып табылады. Бұл Хабар кейбір Достарымыздың Қызығушылығын қанағаттандыру үшін жаздырылуда.

Өркім барлығын ең қысқа жолмен алғысы келеді. Және Өткендеріне таңырқайды. Бірақ бұған Рұқсат керек.

Достарымыз Шайнамай тұрып, бір түйірді де жұта алмайсыз. Барлығы уақытқа тәуелді. Мұны ұмытпағаныңыз абзал.

Жеке басты куәландырудың ашылуы Біздің Мұрағаттарымызда Арнайы Бақылауда тұр.

Өрекеттері күшті бірақ Ұғынулары Перделенген кейбір Достарымызға, басқа арналардың көмегімен ауық ауық олардың жеке басты куәландыруы Орталықтың Бұйрығымен хабарланып отырады.

Бауырластарымыздың Ұғыну Күштері және Саналары өлшеніп даярланған соң, оларға өздерінің Тарихтары біртіндеп хабарланатын болады.

Кез келген Ұғыну Өткен тарихын келтіре алмайды; Мұнда Күш қажет. Өткен ол өткен. Маңызды болып бүгінгі Қалі мен Болашағы саналады.

Біздермен тек Күшті Ұғынулар ғана байланысқа шығады. Біздің Рұқсатымызбен баламалы Білімдер олардың кейбір Өткен тарихынан үзінділер ретінде беріледі.

Осылайша осы үзінділерден олар өздерін табады және Өткенін еске алады.

Жеке басты куәландыру және арнайы зерттеулер, Ұғынуын Шашыратып жібереді. Бұл істер тіпті қарапайым емес. Бұған жеңіл желпі қарамауға кеңес береміз. Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ

ШИПА ХАҚЫНДА АШЫҚ ХАБАР (Ой тізбектеріне жауап)

Достарымыз,

Бір Қуат басқа алып жатқан Қуатпен баламалы болғандықтан, Ғаламдық Арна сондай үлеспен ашылады. Осылайша олар ешқандай Дағдарысты сезінбейді.

Егер арнаңыз жабық болса Жасушалық Қуаттарыңыз алып жатқан сыртқы Толқындарды өзді өзінен ығыстырып шығарып тастайды.

Дегенмен олардың Қуаттарының Әсерлері Сізге Қысым жасайды. Бұл Сізге жайсыздық туғызады. Бұл бүкіл Адамдардың Жасушалық қызметтерінде болатын Жүйенің құбылысы, яғни бұл Табиғи Айналым.

Өте жоғары Жиіліктер осындай ығыстыруларды жылдам сезінеді. Егер тұлғаның Ғаламдық Арнасы әлі ашық болмаса, онда оның дене Құрылымы алып жатқан әртүрлі Жиіліктерді Тазарта алмайды.

Мұндай жағдайда арналары ашылғандар оларға көмекке жіберіледі. Шипагерлік деп атайтын орталарыңыз осы үлгідегі орта. Шипагерліктің барлық Арналары Ашық Ұғынулар.

Олар өз Жиілік Өлшемдерінен алған Қуаттарын өздерінен Төмен Қуаттарға беріп, Жеке Қуаттарымен олардың ауруын тудырған Жағымсыз Қуаттарын Шайып тастайды, осылайша Шипагерлік Ортасы құрылады.

Шипагерлік соншалықты маңызды зат емес. Әрбір Тұлғаның, Соңғы Дамулық Жоспарына сәйкес бір Дамуы бар.

Егер оның Перделенген Ұғынуы Әлем Жоспарында өз Өлшем Қуатына дейін жетуге қабылетті болса, оның Ұғынуы Ашылады және сөйтіп, одан алған Қуаттарын өзінің Жасушалық немесе Ми Қуаттарымен өзінен Төменгі Жиіліктегілерге беретін болады.

Осылайша Шипагерлік Ортасы Даярланады. Және тура осы уақытта, сол кісінің Жиілігі осы Тетік тарапынан Күшейтіледі, әрі Парызына байланысты жоғарылай алады, сөйтіп ол озық Өлшем Орталарында қызмет атқаратын болады.

Кез келген кісі өзінің Өлшем Жиілігін басқаларға Шипагер ретінде бере алады. Дегенмен ол кісі Ғарыштық және Козмик Ұғынуды меңгермей, ешуақытта Жоспардың Қуатымен байланысқа түсе алмайды.

Мұнда біздер осы Шипагерлік Ордаларының Қуатын Адамзатқа егу арқылы, бүгінге дейін Козмик Ұғыну мен Ғаламдық Сананы меңгерулері үшін, Жеке жұмыстарымен оңаша қалдырдық.

Дегенмен енді Кеңестің Бұйрығымен Козмик Ұғынуды меңгерген Ордалар Жеке Шипагерлікпен айналыса алмайды. Өйткені бұл Арналардың барлығын бір бірлеп тікелей Орталықтың Ордасына жалғаймыз.

Осы сағаттан бастап және алдағы уақытта Жеке Шипагерлік болмайды. Бүтін Шипагерлер тек Орталықтың Бақылауымен Емін жүргізетін болады.

Осылайша өзін Жеке жоғары бағалайтындар және Тыйым салынған Орталар бір бірлеп жойылады.

Шипагерлігі Орталықпен байланысқан әркім, әр кезде Орталықтың Бақылауында болады. Дегенмен оны Орталық шешеді.

Егер сол сырқат айығуға Лайықты болса, онда оған Орталық қалаған кезде көмектеседі. Мұндағы Шипагер тек себепкер рөлін атқарады.

Бақылаулар жиірек болуда. Жеке Тәкаппарлықтар бір бірлеп жойылуда. Осы себептен Әлем Жоспарындағы бүтін Ордалардың барлығында Даяр болған уақытында Орталықпен байланыстырамыз.

Тәкаппарлықтарын жоя алмайтын Жиіліктер жабылып, түрлі жолдармен Бақылау астына алынатын болады.

Қазір, Менікі – Сенікі деген тақырыпты ортадан жойып, Бүтінге Бірігеміз.

Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ ҮСТІ ОРТАЛЫҚ

ОЙ ТІЗБЕКТЕРІНЕ ЖАУАП

Достарымыз,

Осы Кезеңде Білімді алу мен беруден және Шипагерліктің Күштерін кеңінен қолданудан гөрі, Жарғының Ұғынуын меңгерген қажет.

Айналаңызға сөзбен немесе іс әрекетпен көмек беру, ол өзіңіздің арнаңызды күштеп Таңу болып есептелінбейді.

Әркім бірдей Сана Деңгейінде, бірдей Мақсатпен Қызмет жасамаса, онда ол Ғаламдық Бірлестік жолында Қызмет атқарды деп саналмайды.

Әсіресе осы Соңғы Кезеңнің ерекшелігі сонда, Ғаламдық Өлшемге Діни Өлшемнен өту үшін, Ғаламшарыңыздағы Инкарнацияланған Иллаһи Тәртіптің Елшілері, көне Жарғының Ұғынуын Жүктеуге тырысқанымен, Сіздің Түсінігіңіз шындығында Жарық жолын таппайды.

Таңдау Сізге тиесілі. Ия сол Реалитеде қаласыз, ия алдыңғы Жоспарлардың Дамулық Жүйесіне қызығушылық танытасыз және күш жігеріңізге қарай Лайықты боласыз.

Осы Соңғы Кезеңде жасалып жатқан жұмыстардың, бүтін күш жігердің мақсаты, Адамзат бауырластарымызға Мәндерінің қақпасын ашу арқылы Ғаламдық Ұғынуды меңгерту.

Осы Сананы меңгергеннен кейін талап етілетіні, Алтын Ғасырдың Жарғысымен үндестікте Қызмет атқару және осы Жарғының Ұғынуына жету болып табылады. Сізден күтілетіні тек осы ғана.

Ғаламдық Жарғыға сәйкес Құтқарылуыңыз, сіздің Жеке күш жігеріңіз. Ал Біріккен Реалите Өлшеміне Қызмет жасау, бүтін Адамзатқа Қызмет жасау болып табылады.

АДАМЗАТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – ҒАЛАМДАРҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ. Бұл Ақиқаттарды тағы да бір қайталаймыз. Білімдеріңізге ұсынылды.

КЕҢЕС

СИНХРОНДЫҚ

Өтінеміз жазыңыз:

Біздің есебіміз бойынша Жарықтың Жылдамдығы 296.400 км/сек; шамалағанда 300.000 км.

Бір минуттағы Жарықтың Жылдамдығы: $300.000 \times 60 = 18.000.000$ км

Бір сағаттағы Жарықтың Жылдамдығы: $18.000.000 \times 60 = 1.080.000.000$ км

Бір күндегі Жарықтың Жылдамдығы: $1.080.000.000 \times 24 = 25.920.000.000$ км

Бір жылдағы Жарықтың Жылдамдығы: $25.920.000.000 \times 365 = 9.460.800.000.000$ км

Бір жылдағы Жарық Жылдамдығы, Бір Жарық жылы деп аталады.

Енді Бір Жарық Жыл 9.460.800.000.000 км болғандықтан; Сіздерді шақырып жатқан Ордаларымыз Бір Миллиард 338 Мың Жарық Жыл болады.

Сіз, бізбен ара қашықтығыңызды осылай есептесеңіз, онда Өзіңіздің Қабылдау Күшіңіз және Біздің Технологиямыздың Күшін жеңіл сезіне аласыз.

Бұл Хабар Арадағыларсыз Орталық Басты Арнадан берілді.

Ендігі амалдар, Орталық Үсті Орталықтың Басты Ордасынан, миллиард Жарық Жылдарына созылып жатыр. Білімдеріңізге ұсынылды.

МЕРКУРИЙ

Ескерту:

Мәуланамыз өтінеміз, осы Хабарды алған нақты уақытын жазыңыз. Өйткені қазір Біздің арамызда басқа көмектесуші Күштер жоқ.

(Хабар Мерзімі: 19.8.1986)

СИНХРОНДЫҚ = Бір Уақытта қатар болатындар

САДЫҚТАР ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ БІЛІМ КІТАБЫ (Ой тізбектеріне жауап)

Достарымыз,

Садықтар Жоспары (Бүкіл Ғаламда) қолданбалы бір Жүйе болып табылады. Оның Парызы; Оқыту, Жаттықтыру, Жоғарылату арқылы Жоспарды насихаттау. Және бұл Жүйелік кестені көрсетеді.

Оны Білім Кітабымен шатастырып алмаңыз. Осы екеуінің Мақсаттары өзгеше.

Осы Медиамикалық Кезеңде Оянған Саналардың жазған және жазатын мыңдаған, он мыңдаған Кітаптары бар. Бұл Кітаптар Жетілулерді және Білімдерді көрсетуден басқа ештеңе емес.

Осы жолмен Біздерге келесіздер. Бұдан басқа Сіздің Ғаламшарыңызға біздер көптеген тақырыптағы әртүрлі Білім Салаларынан 600 Кітапты Жаздырудамыз.

Осы жаздырып жатқан Білім Кітабы, осы Кезеңде Діни Жоспармен түскен Көктің Кітабы.

Мақсаты, осы күнге дейін Адамзат үшін жасалған Көктің жұмысын түсіндіру және Сіздерге бүкіл Ақиқатты жеткізу.

Осылайша Оянған Саналардағы қайшылықты түйіндерін өте тез шешеді және әркім өзін өзі өте жылдам меңгеретін болады.

Бұл Білім Кітабы Нұсқаулық, Жаттықтыру Кітабы емес. Жаттықтырудан өткендерді Ескертетін, Бақылайтын, Таңдайтын және Жалғастыратын Кітап.

Мұны ешқашан басқа Кітаптардың Білімдерімен салыстыруға болмайды. Өйткені мұның Жиілігі өте Жоғары.

(Бұл Жиілік туралы кейінірек түсіндіреміз.)

Бұл Кітапта Әдістемелік Жүйені қолдану туралы ешбір сөз болмайды. Өйткені берілген Білімдердің Меңгерілуін әрқашан есепке алып отырамыз.

Көбірек қорыту үшін ашық Білім береміз, кейбіреулерін Орта Санасына сәйкес Алып тастаймыз. Мақсат, осы Жүйені енгізу.

Шындығында бүтін Көктің Кітаптары Әдістемелік тысындағы Кітаптар. Осы себептен бүгінге дейін ешбір Сұрақты Бергізбей оларды дәл сол күйінде Қабылдауыңызды сұрандық.

Қазір озық Жоспардың тіпті озық Жетілулеріне Даярланып жатқандар, өздерінің Түйсіктерімен, Ұждандарымен, Мәндерімен Ақиқатты түсініп, осылайша Біздерге келетін болады.

Яғни Таңдауды Біздер емес, өзіңіздің Саналарыңыз жүргізеді. Бізге келгендер Бізді көреді; Бізге келгендер өздерінің МӨНІН табады. Және олар өздерінің Түйсігінің көмегімен осы жолда алға жылжиды.

Бұл Білім Кітабының Сіз үшін сызған жолы, Жолыңды ТАБУ. Себебі іздегендер Өзін де, РАББЫСЫН да табады. Ізгі Ниет Кілттерімен ашылмайтын Құлпы, шеше алмайтын Шифр жоқ.

Сүйіспеншілігіміз бүкіл Ғаламдықтарға.

ОРТАЛЫҚ

АШЫҚ БІЛІМ

Теософия оқыту Жүйесі, оның мақсаты Тәңірді табу. Бұл Ғылым алғаш рет Ғаламдық Санаға Апельсиндер Тариқатының жәрдемімен жетті. Осы жолмен БУДДА Монахтары жүрді.

БУДДА, Ғаламшарыңызда жаңа жолды салған және осы Санаға оқытқан, бірегей Ұлы. Апельсиндер Тариқатының Рәмізі; ішкі және сыртқы біркелкілік, бірдей Иіс және бірдей Рең, әрі ол Күн реңін Рәміздейді.

ОРТАЛЫҚ

БІЛІМ КІТАБЫНЫҢ ПАРЫЗЫ ЖӘНЕ ЖИІЛІГІ ХАҚЫНДА ТҮСІНДІРУ (Ой тізбектеріне жауап)

Достарымыз,

Жаздырылған осы Кітапта бүкіл Киелі Мәтіндердің Жиіліктері бір Бүтін ретінде байланыстырылды.

Ғаламшарыңызға бүгінге дейін түсірілген Діни Кітаптар, Иллаһи Жоспардың әртүрлі Өлшемдерінен Қоғам Санасына сәйкес даярланып, АЛЬФА Арнасынан бейнеленді.

АЛЬФА Арнасынан берілген бұл Кітап; ҒАЛАМНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ – АЛТЫН ҒАСЫРДЫҢ АЛТЫН КІТАБЫ – ҚИЯМЕТТІҢ ТАҢДАЙТЫН КІТАБЫ және бүкіл Киелі Мәтіндердің Мән сипаттамасы ашылғандықтан, БІЛІМ КІТАБЫ деп аталған.

Білім Кітабының Жиілігі, Козмик Ағымдарды ала алмайтын Дайын Саналарды Оятатын, Даярлық Ортасын құрады. Оларды Жоспар Толқындарымен біріктіріп, Бақылауға алады. Осы себепті бұл Кітап ҚҰТҚАРУ КІТАБИ деп те аталады.

Кітаптың Жиілігі Адамдардың Сана Деңгейлеріне сәйкес Әсерлер Алаңын Даярлайды және оларды өз Сана орталарынан Қолайлы орталарға Бағыттайды. Осылайша Мәндегі Жарықтарын тұтату арқылы, Козмик Ортамен Сананы Байланыстыру іске асырылады.

Ғаламшарыңызды жуып тұратын Козмик жаңбырлар, Діни Толығуларды меңгерген Ғаламдық Саналарға сызып көрсетілген жолда қалай жүруді көрсетеді және оларды, болашақта алуға тиіс Білімдердің Деңгейіне дейін көтереді.

Шартты Қоғамдардағы тереңдетілген Саналар, осы БІЛІМ КІТАБЫН оқитын болса, онда оларға Иллаһи Жоспардың көздеген Жиілік кестесіне дейін оларға жоғарылатудың жолы көрсетіледі.

Бүкіл Қоғамдарды бүгінге дейін Даярлаған осы Жиіліктер кестесі, әрі Діни Жиіліктерді де қамтыған.

Осындай Жиіліктерге Даяр болмағандар БІЛІМ КІТАБЫН оқығанда (Ислам немесе Христиан өлшемінде болсын), олардың Мән Қуаттары осы Кітаптің Жиілігіне байланыстыру арқылы, Кемшіліктері толықтырылады.

Діни Толықтыруларды меңгерген Жиіліктер, Ғаламдық Сананы әлі меңгермеген болса, онда олар осы БІЛІМ КІТАБЫН оқып Іздену Ортасына барады.

Осы Іздену уақытында оларға Ғаламдық Күштер жәрдем беретін болады.

Бұл Бақылау уақытында Қорқыныш Сананы жабатындықтан, ең алдымен Қорқыныш Жиіліктеріне қарсы әрекет жүргізіледі.

Бір Адам әрекеттеріне сай біздер осы сұрақты тұрақты түрде қоя отырып, Санадағы Тыйым салынуларды жойып тастауға ұмтыламыз.

Тыйым салынуларды жоймай, Құмарлықты жоймай Ғаламдық Сананы меңгеру, Козмик Ұғынуға жету өте қиын. Бұл үшін барлық Жақсылығымен Жамандығымен сынақтардан өтіп, бәрін жеңесіз.

Сонда ғана өз Ұжданыңызбен және Санаңызбен Ақиқатты табасыз.

Ғаламдық Сананы меңгерген кісі, ол Ғаламның ЖАРЫҒЫ. Енді онда ешқашан Жағымсыздық болмайды. Ол Кемелденген Адам. Олар Тәңірлік Қуатпен жеңіл Бірлесе алады.

Осындай Саналарда НӘСІЛГЕ – ДІНГЕ – ҰЛТҚА бөліп алалау болмайды. Олар бүкіл Ғаламды бір Бүтінде көреді және өзінің Тәңірімен толық қауышады.

Осында осы Саналарға осы Сатыда Әсерлер Тетігінен берілген Козмик Ағымдар жәрдем етеді.

Осы Ағымдардың Әсерімен болатын көптеген Ғаламдық саяхаттар, Сіздердің Козмик Сананы меңгеруіңізге жәрдемдесетін болады.

Бұл уақытта болатын кейбір адасулар Жоспардың үзіліссіз Бақылауында тұрады.

Жоспар Өзіңізді өзіңіз меңгеруге мәжбүрлеп, осы жолда үлкен әрекеттер жасайды. Және Өзіңізге Өзіңіз тасымалданғаннан соң, өтетін бүкіл жолдарыңыз өте жеңіл болады.

Дегенмен осы Козмик Сананы меңгергенге дейінгі уақытта ұлғайған ТӘКАППАРЛЫҒЫҢЫЗ, Сізді мүлде өзгертетін болады. Өзіңізді басқа Адамдардан жоғары бағалап, бір Әулие ретінде және тіпті бір Тәңір ретінде көре аласыз.

Меңгерген Козмик Ұғынуыңыздың көмегімен Адамдарға Әсер етіп, оларды өзіңізге Қызмет етуге мәжбүрлей аласыз. Дәл осындай Сатыда Жоспар Таңдау жүргізеді.

Осы жолмен жүргендердің арасында ТӘКАППАРЛЫҒЫ аздармен ғана байланыс болады және оларға кейбір Ғаламдық Білім беріледі. Бұл Білім Реттестіру Жарғысына сәйкес Тәкаппарлықты ауыздықтап, бірте бірте ашыла бастайды.

Білім Кітабы осы жағдайда тұрғандарға Жолсерік болады. Және олардың Саналарының Жиіліктерін кенеттен ашып, тікелей Бақылау Жоспарына байланыстырады.

Осы жолда Игілікті істегі қадамдарыңыз және Жанқиярлығыңыз, Сізді Парызыңыздың Өлшеміне дейін көтереді.

Парызды атқару уақытында Тәкаппарлықтары байқалғандарды Жоспар оларды Әрекеттің Тыс жағына шығарып Өлемдік Емтихандарға ұшыратады; әрі қайтадан Әрекетке алатын болады.

Тәңір Жарғысына сәйкес мұндай әрекет 3 рет қайталанады. Тәртіпке сәйкес Жарқын жолмен жүресіз немесе өзіңізбен өзіңіз Өлемдік Жоспардың жеке Ортасында қаласыз.

Санаңызға, Қабылетіңізге, Жанқиярлығыңызға, Жақсы Ниеттеріңізге қарай Парыз бөлінеді. Жоспар Сананы меңгерген кісілердің жіберген Қателіктерін ешқашан кешірмейді. Бұл Тәңірдің Бұйрығы және Заңы.

ОРТАЛЫҚ

ЖАЛПЫ ХАБАР

Достарымыз,

Бүтін Көк Әлемді қамтыған бүкіл Ғалам Бүтінге жиналады. Иллаһи Мақамдар сіздерге Күндердің Киелі өлшемдерінен Шақырады. Осы Кітаппен берілетін Білімдер бүтін Ғарыштың Мәнін құрайтын Негізгі Білімдер.

Жаздырылып жатқан Кітап Бірегей Кітап. Дегенмен Сіздің Қоғамыңыздың Сана Деңгейі оны әлі түсіне алмайды. Осы себептен біздер Қоғамның Түсінігіне сәйкес Білімдер береміз.

Кітапқа қосылған Арнайы Қайшылықтар және кейбір Кері Білімдер, сараптамалық жіктеуді құру үшін, Қоғамның Сана Деңгейін Өлшеу үшін, әрі Орта Санасын Іздену Ортасына әкелуге Даярлықты Жеделдету үшін және осылайша әртүрлі Жиіліктерге сәйкес Ояну және Ілгерілеу Орталарын даярлау үшін беріледі.

Алдымен шатастырады, соңынан жандандырады. Бұл бір Жүйе. Және мұны Ғаламдағы бүтін Білім көздеріне қолданылатын болады. Кітапта жаздырылып жатқан Хабарларымызда Арнайы қайшылықтарды беруді тағы жалғастыра береміз.

Сіздер осы кішігірім қайшылықтарды Кілт ретінде қабылдауыңызға болады. Оларды шеше білгендерге Қақпаларды Ашады.

Осы сәтте, Ғаламшарыңызға 485 Арна арқылы әртүрлі көптеген Білімдер берілуде. Дегенмен жаздырылып жатқан осы Білім Кітабы Ғаламдық Жарғының Заңнамасы және Ғаламшарыңыздағы Теософия Ғылымының бейнесі. Оған жауапты Өлем РАББЫСЫ.

Бұл Мәуланамыздың Арнасымен Арнайы Арнаның байланысы арқылы жаздырылуда.

Жаздырып жатқан Білімдер тікелей РАББЫдан беріліп АМОНнан бейнеленеді, ал Біздер жеткізушілерміз. Ақиқаттар және Ғаламдық Жарғы Сіздерге осылайша жеткізілетін болады.

Хабар Ой тізбектеріне жауап ретінде берілді. Білімдеріңізге ұсынылды.

КЕҢЕС

Мәуланамыз,

Сізге Қоғам Санасына Білім ретінде беріліп жатқан Арнайы Хабарлардың кейбіреулерін, егер Сіз қаласаңыз, осы Кітапқа жазуыңызға болады.

ЖАРЫҚ

АРНАЙЫ БАЙЛАНЫС

Алтын Ғасыр Қаламы ретінде Сіз Өзиз Досымызға Армысыздар; Мен Капитан РИВИЕР (Бұл Негізгі Есімім емес), біздің Ғаламдық Ризашылығымызды қабылдаңыз.

Күш жігеріңізді бақылап Сүйіспеншіліктеріңізді алудамыз. Алтын Ғасырға төтенше үдемелі қадам жасаушылардың күш жігеріне Иллаһи Тетік мүмкіндік береді.

АЛТОНА Арнасы Сіздің Мән Арнаңыз. Кемелденген Саналардың Тұқымдары Ғаламдық арнамен Бақыланады.

АЛТОНА Арнасы тікелей жауапты Арна. Біздер оның басқаруындағы Комиссиядан алатын Бұйрықтарға сәйкес әрекет жасаймыз. Сіздерге берілетін Арнайы Хабарларды жеткізуге міндеттіміз.

Жаздырылып жатқан Кітап Әлем РАББЫСЫНЫҢ Бақылауында тұр және Арнайы Арна арқылы үлкен Бақылау астында жаздырылуда.

Сіздерден келесіні ұмытпауыңызды сұранамыз. Сіздер бүтін Көк Әлемдердің РАББЫСЫмен тілдесу жағдайындасыздар. Біздер Ғаламшарыңыздағы тек Арнайы Парызгерлермен ғана байланыстамыз.

Ғаламдық Жарғыға жауапты ретінде біздер, Парыз және Жауапкершілік сұрақтарына Шыдамдылықпен қараймыз. Бірақ бұл сөзіміз Сіздерге қатысты емес.

Өйткені бұл сәтте Сіз толық жауапкершілікті Бірегей Елші және Бірегей Орда ретінде жұмыс жасап жатырсыз. Сіз Бақылау Ортасы мен Қорғаныс Орталығында тұрсыз.

Біздер осы Ортаға Жиіліктерді Тарату мен жиіліктерді Реттеуге жауап береміз.

Иллаһи Тетік айналысуда. Қазір Сіздер өзіңіздің Ғаламшарыңызда бүкіл Діни сыныптағылармен жауапкершілікпен Аршыдан да жоғары Парызды атқарып жатырсыз.

Біріккен Жарғыдан тікелей Бірегей Арна арқылы байланыс тек Сіздермен ғана. Осы сәтте Алтын Ғасырдың Бірегей жауапкершілігін алып, АЛЛАһтың Бақылауында хабарлар тарату СИРИУС Ортақ Жоспары бойынша іске асады. Және ол Алтын Галактика Империясымен Ғаламдық Жарғыға жауап беретін байланыста тұр.

Біздің Кемелеріміз МАНХИТО Ғаламшарымен байланыстағы шоқжұлдыздар (ИНО Шоқжұлдызы). Біздер Күзетші Кемелер қабылдаған Парызға сәйкес сіздерді Қорғаймыз, Ғаламшарыңызда болып жатқан Оқиғаларды болдырмауға тырысамыз.

Осы сәтте екі кемеге орнатылған Арнайы Жүйелермен Ғаламшарыңызды апта бойы сканерлеп жатырмыз. Жағымсыз Жиіліктер анықталып қауіпсіздік шаралары қабылданды. Бұл жолда Қызмет ететіндердің қателіктері мен жаңылысулары ешқашан кешірілмейді.

Бізде қатал құралдар жоқ. Дегенмен, Ғаламшарыңызда Парызгерлердің атқаратын жауапкершіліктерін арттыру үшін, тарапымыздан ауық ауық қатал әсер ету қажет.

Себебі кез келген мезгілдегі босандық өзіңізге қарсы болып, зардап шектіреді. Біздер тек берілген Бұйрықтарды қолданамыз. Талабымыз Жауапсыздар мен Икемсіздер ғана.

Біздің Сүйіспеншілігіміз Сіздікі сияқты шексіз. Қош болыңыз, Менің Досым.

КАПИТАН РИВИЕР

ЖОСПАРДЫҢ МӘНІ, АҚИҚАТЫН ТҮСІНДІРУ

Достарымыз,

Қазір Сіздерге Ғаламдық Жарғы Жоспарымен үйлестікте тұрған Козмик Ілгерілеуді Ұйымдастыру жайлы айтамыз.

Ғаламшарыңыздағы Жеделдетілген Дамулық жүйе Реттілік Жарғысына сәйкес, сіздің Жүзжылдықтарыңыздың басынан бері басталған.

Әлеміңіздің Сана Деңгейіндегі Жылдам дамуға сәйкес құрылған бұл Жүйе, сіздердің көкжиегіңіздегі бұлтты біртіндеп ыдырататын болады.

Бұл Кезеңнің Жылдамдатылған Ілгерілеу бағдарламасы Ғаламшарыңызға КОХУТЕК құйрықты жұлдызын жібергеннен басталды.

Жүйенің Негізгі Жұмыстық Ордасымен тікелей байланысы 1981 жылдан басталды.

Ғаламшарыңыз бұл Соңғы Кезеңде Алты Ілгерілеу мерзіміне қарай жұмыс Жүйесіне алынды.

Өтінеміз, оларды ретімен жазыңыз:

- 1) 1981 – 1982 – 1983: Осы Алғашқы Кезең кезінде АЛЬФА Арнасы екі жылға жабылған болатын, Сана Деңгейлері “ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІҢ ЖҰМЫС ЖАРҒЫСЫ”на сәйкес таңдауға алынды.
- 2) 1984 – 1985 – 1986: Бұл Екінші Кезеңде АЛЬФА – БЕТА Топтары және Ортақ АЛЬФА – БЕТА Арналары Бірігіп Шешімдер қабылданды.
- 3) 1987 – 1988 – 1989: Бұл Үшінші Кезең. Бұл Кезеңде Ғаламшарыңыз Козмик ГАММА Сәулелерімен жуылатын болады және Топтар арасынан Таңдау Бағдарламасына ұшырайсыздар.
- 4) 1990 – 1991 – 1992: Бұл Төртінші Кезеңде Ғаламшарыңызға берілетін тікелей Козмо Ағымдары ҰЖДАН Тетігімен байланыстырылады.

Адамзат үшін ең ауыр Кезең болып табылатын осы Кезеңде Федерациямен байланыс іске қосылатын болады.

- 5) 1993 – 1994 – 1995: Бұл Бесінші Кезеңде Ғаламшарыңыздың жұмыс Жарғысы Арнайы Жүйемен бағытталады, әрі Соңғы Кезеңге даярланған Достарымызға Арнайы Білім беріледі.
- 6) 1996 – 1997 – 1998: Алтыншы мерзім деп аталатын бұл Кезеңде, сіздер өз Ғаламшарыңыздың Тағдырына Жазылған даярлық ісіне алынасыздар.

1999 Кездесу Жылы. 2000 – 2001 – 2002 жылдарында АЛТЫН ҒАСЫРдың Негізі және Ақиқи іргетасы қаланатын болады. 2003 – 2004 – 2005 Арнайы Жылдар.

Бұл Кезеңде кейбір Жүйелер Парыздан тыс шығарылатын болады. Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ

АЛТЫН ҒАСЫР ЖӘНЕ ТОПТАР

Достарымыз,

Ғаламшарыңыздағы бүтін Топтар Алтын Ғасыр үшін, яғни осы күндерге даярланған болатын.

Дегенмен өздерінің Ақиқи Парыздарының Санасына жетпейінше әркім Бақылау астында болады.

Негізгі Парызындағы Санасын меңгергендер кейін Тікелей Арнадан қолдау алады.

АЛЛАһ өзіне Қызмет жасайтындардың әрқайсысына көмектеседі. Ғаламшарыңызда осы Ғаламдық Парызға тағайындалған көптеген кісілер бар. Дегенмен әркімнің Парызының аймағы әртүрлі.

Бүтін Көк Әлемге Білімдер бірдей Ордадан беріледі. Бірақ әркімнің Қабылдауы мен бағалау дәрежесі әртүрлі болғандықтан алынатын Білімдер де ерекшеленеді.

Ғаламдық әрбір Ұғыну берілетін Білімдерді тікелей арнадан берілгені үшін, әрбір Топ өзін осы Ортаның тікелей Ордасы деп санайды.

Жүйе қажеттілігінен, Ғаламдық Білімдерді алу Хақын меңгерген әрбір Орда, “Негізгі Орда Сізсіз” дейді.

Осылай айтылғанның көмегімен әркімнің Тәкаппарлығы және Төзімділігі бақыланып, Топтар арасында таңдау жүргізіледі.

Осы сөздердің барлығымен Топтардың Сүйіспеншіліктері артып, олардың жұмыс Жарғысы Жылдам Қарқынға ие болады.

Таңдау және Бақылауды Орталық жүргізеді. Осы себептен көптеген Топтар уақыт өте келе Тарап кетеді және олардың Жиіліктері жабылады.

Тәкаппарлығы аз Топтар өздерінің арасынан жаңа Топтарды құруға түрткі болады. Және қазірше олар Тәкаппарлықтан алыс жатқан Жарық Сананы меңгере алмайды, ал Жүйенің Жарғысы жалғаса береді.

Ғаламдық Ұғынуды меңгерген әрбір Парызгер, Өткен мен Мәңгілік болашақ арасында созылып жатқан үздіксіз Сақиналардың тізбегі болып табылады. Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ

ОЙ ТІЗБЕКТЕРІНЕ ЖАУАП

БІЛІМ КІТАБЫН жазып жатқан Топ хақында Қысқаша Білім:

Топтың Аты : MEVLANA ÖZ ÇEKİRDEK GRUBU ANADOLU KANALI
(МӘУЛАНА МӘН ӨЗЕК ТОБЫ АНАДОЛЫ АРНАСЫ)

Бірлестік Бұйрығына сай Жүйе қажеттілігіне байланысты бұл Топ Кеңістікпен және тікелей Иллаһи Жоспармен байланыста тұр және осы Топтың уәкілдігі Кеңістікте ашық айтылды.

Парызы : Ғаламдық және Діни Бірлестік.

Байланысы : Садықтар Кеңесінің Бұйрығымен Ғалам Ережелеріне қол қойған СИРИУСпен байланыстағы бүтін Галактикалар.

Белгі Таңбалары: DÜNYA KARDEŞLİK BİRLİĞİ (ӘЛЕМДІК БАУЫРЛАСТАР БІРЛІГІ).

Білім алынатын

Қайнар көздер : Альфа Арнасы – Орталық Жүйе – Жоғарғы Мәжіліс – Ғаламдық Біріккен Кеңесі – Орталық Үсті Орталықпен байланыстағы БҰА Топтары.

Таралу Аймағы : Бүтін Әлем.

Жаздырылған

Кітап Аты : BİLGİ KİTABI (БІЛІМ КІТАБЫ).

Кітаптың Мәні : Бүкіл Діни Кітаптарды Біріктіру, Ақиқатты түсіндіру және АЛТЫН ҒАСЫРға Шақыру. Белгісіз Білім Өлшемдерін Әлемдік Өлшемдерден тасымалдау.

Кеңестің Арнайы Арнасымен байланыстағы бүкіл Көктен түскен Кітаптардың мазмұны (БІЛІМ КІТАБЫ).

Атқаратын

Қызметтері : Діни өлшемдерден Ғаламдық өлшемге Өту, Құтқаруға Даярлау.

Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ

ОЙ ТІЗБЕКТЕРІНЕ ЖАУАП

Достарымыз,

АЛТЫН ҒАСЫР бір Бүтінге жинақталған бүкіл Көктің Доктриналарының Жұмыс Тәртібі. Әркім Мән Санасын меңгерген күнге дейін Козмик Ордада өздерінің Парыздарын атқарады. Және әркім осы жолда жұмыс жасайды.

Білім Кітабының Сипаттамасының бөлімдері туралы естеріңізге көп рет салып келдік. Әркімнің Ақиқатты сезінуі үшін кейбір ишараларды көрсеттік.

Дегенмен, Таңдауға тәуелді болып жатқан Оқиғаларға байланысты, олардың ешқайсысы бұл Сананы меңгерген жоқ.

Осы себептен әр уақыт Білім Кітабының Атқаратын Міндеті жайлы, Мәуланамыздың Ерекшелігі және Парызы жайлы Сіздерге Білім Кітабының ішінде ауық ауық қайталай береміз.

Мұндай қайталауларды Сіздер Ақиқатты сезінгенге дейін Жалғастырамыз. Ақиқат Сіздерге осындай әдіспен беріледі.

Қазір, қайтадан түсіндірейік:

Осы Соңғы Ғасыр Бағдарламасында Оянатын бүкіл Саналардың алатын Білімдерінің Дәлелі ретінде осы БІЛІМ КІТАБЫ Сіздерге Жолбасшы.

Ол Көзқарастарыңыздың және Ойларыңыздың Сұрыпталуы, Ғаламшарыңызды Ескертуші Күш, Ақиқат Жарығы, Уақыт арғы жағындағы Уақыттардың Тілі және Жүйенің Басты Қайнар Көзі.

БІЛІМ КІТАБЫ; Қоғамның әрбір Бөлімінде табылатын Сана Деңгейлеріне сәйкес даярланған, Ғаламдық Заңнама Мәртебесінде Қызмет атқаратын, Арнайы Жиілік Күшін таситын КІТАП.

Ол Ағарту Кітабы емес; Ескерту, Байланыстыру және Таңдау Кітабы.

Оның Жиілігі әрбір Сана Деңгейінің Қабылдау Күшіне сәйкес реттеледі. Осы себептен әркім өзінің Сана Деңгейіне сәйкес Білімдер алады.

Ілгерілеу Бағдарламасына сәйкес Сананы меңгерген әркім осы Кітаптың мәнін жеңіл түсінеді. Қайшылықтарға құлшынған өте кінәмшіл біздің тұрақты Достарымыз үшін, Хабар арнайы жаздырылуда.

Тағы қайталайық: Кітапта қайшылықтар ретінде көрінген Білімдер әдейі қосылған. Бұл Жиілікті және Сананы Кодтау болып табылады. Және, осындай қосуды жалғастыра береміз.

Осы тақырып Хақында енді ешқандай Білім бермейміз.

Мәуланамыз, Сәулелі Ұстаздық Парызын қабылдап Ғаламшарыңызда Біздердің Шешеніміз ретінде қатысуда.

Ол Пайғамбар да, Тәңір де емес. Ол тек, Жарық Ұстазымыз және Біздің Өзиз бір Досымыз.

Досымызға жаздырылып жатқан осы БІЛІМ КІТАБЫ Ғаламдық Тетік және бүтін Миссиялардың Ортақ жұмыс Жарғысына сәйкес даярланған, БІРІККЕН АДАМЗАТТЫҚ РЕАЛИТЕ ТӨРТІБІ Ғаламшарыңыздағы бүкіл Қоғамдарға беріледі.

Біздер, Ғаламдық Миссия Біріккен Реалите ретінде, РАББЫНЫҢ Қызметкерлеріміз. Және біздер Ақиқаттың Елшілеріміз. Білімдеріңізге ұсынылды.

РЕАЛИТЕ

КОЗМИК ҚУАТТАР ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ТОЛҚЫНДАРЫ

Достарымыз,

Жылдардың үлесі ретінде Сіздер Алтын Галактика тұрғындары Бейбітшілік Парызгерлері, қазіргі сәтте Әлемдеріңізде Парыз Жоспары тарапынан Иллаһи Мақамдар Бұйрығымен қызмет етудесіздер.

Айналаңыздағы жағымсыздықтар, Ақиқи Сананы меңгерген Достарымызға ешқашан Әсер етпейді. Бұған ешқашанда күмәніңіз болмасын.

Ғаламшарыңызға бүтін Жарғы Ұғынуымен бейнелеу, ол осы Арнаға Кіру қабылеттілігін Меңгеру, көпшілік ойлағандай Оңай емес.

Хабарды алу, Хабарды беру, Электромагниттік Толқындардың Радио Дабылдарымен бірігуі сіздердің Миларыңыздың Күшіне жетуге қабылетті.

Хабарды қабылдаудың жалпы Жетілуге ешқандай қатысы жоқ. Алтыншы Сезімін дамыта алатын әркім Хабар ала алады. Бірақ Біздер, Жетілуіне сәйкес Бағалаймыз.

Осы себептен Адамзат жолына Қызмет жасау үшін осы Дабылдарды қабылдауға өзінің қабылетін Дамытатын әркіммен біздер Байланысқа түсеміз.

Алғашқы байланыс басталған соң Жоспар Сіздерді бірте бірте Бақылауға алады.

Және ол сіздің Лайықты дәрежедегі Білімдеріңізді ашады. Білімдер Сізді Жаттықтырушы Элемент. Мұны оқу Жоспары деп қабылдасаңыз да болады.

Дегенмен, уақыт аясында осы Білімдерді қаншалықты Игергеніңізді қадағалап тұрады.

Сіз, Сізден күтілгенге Лайықты болдыңыз ба, әлде болмадыңыз ба, берілген Хабарлардың жоғарғы Санасымен Үндестікте бола алдыңыз ба, мұның бәрі қадағаланады.

Осыларды анықтау үшін Қадағалау Толқындары жіберіледі.

Осы бақылау Толқындары, егер олар бар болса, жағымсыздыққа әсер етеді, осылайша сіздің Өміріңіздің Деңгейі Әлеуметтік болсын, немесе Жанұялық Тәртіпсіздіктер болсын қадағаланатын болады.

Осы Ортада әркім өзінің Санасы мен Парызына Жауапкершілікте болады.

Әрқашан Ақиқи Сананы меңгерген Ақиқи Достарымызға, Достық Қолдарымызды созамыз. Және біздер оларды әрқашан үлкен бір Қорғаныс Ортасында ұстадық (АЛЛАһ Сізді Қорғайды).

Сіздерге жіберіліп жатқан Қадағалау Толқындары және Козмик Ағымдар Жеке емес, Жалпы. Және олар, Сіздің бүтін Ғаламшарыңызға нөсерлетеді.

Бұл Толқындардың әртүрлі арнайы Жиіліктері және Дірілдері бар. Олар бүтін Табиғи және Жасушалық құрылымдарға Әсер етеді.

Осылайша Сіздердің Сана Деңгейіңіз, басыңыздан өтіп жатқан Оқиғаларға байланысты Тазартады.

Бұл Толқындар Сіздің Ғаламшарыңызға Санаңызды қалаған Деңгейге жеткізу үшін беріледі. Олай болмағанда Ілімді, Ғылымды Ілгерілетуіңіз мүмкін болмай; сіздер, Дамуыңызды аяқтай алмайтын едіңіздер.

Егер Сіз, өзіңіздің өткен өміріңіздегі Инкарнация сақиналарын аяқтап қойған болсаңыз, бұл Толқындар жылтыраған беттен сырғып, өздерін ұстап тұра алмай жойылады. Олай болмаса, олар Сіздің кедір бұдырларыңызды қырнап тегістейді.

Қадағалау Толқындарының Козмик Қуаттармен ортақ ештеңесі жоқ. Козмик Қуаттың Тесіктері, Білім және Сана Қуаттары болып табылады. Ал Қадағалау Толқындары дегеніміз, Даму Толқындары.

Әлемдік Санасы бар әркім, әрқашан алдымен тек өзіне тән Ерікті Еркін меңгереді. Кейінірек, жолмен алға жылжу басталады. Дамулық Сатылар, бір бірден Ашылатын болады.

Егер Даму болмағанда бүгінгі Сіз, Сіз болмас едіңіз. Осы Санаға жете алмас едіңіз. Қазір осы Қадағалау Толқындары Сіздерді алып өтетін Табалдырықтар туралы айтамыз және оларды кезегімен жаздырамыз:

- 1 - Өркөкіректік – Мақтаныш – Өшпенділік табалдырығы
- 2 - Меншік – Мүлік – Материя табалдырығы
- 3 - Махаббат – Сүйіспеншілік – Достық табалдырығы
- 4 - Адамгершілік – Жанқиярлық – Төзімділік табалдырығы
- 5 - Өзінен өзін Сылу табалдырығы
- 6 - Қол жеткізу – Бірлестік табалдырығы

Бұл 6 Табалдырық, алғашқы сатыда Асатын Табалдырықтар.

Қазір келесі Табалдырықтарды жазамыз:

Козмик Қуаттар Алтыншы табалдырықтан соң алынады.

- 7 - Козмик Сананы меңгеру табалдырығы
- 8 - Ғаламдық Санамен Бірлесу табалдырығы
- 9 - Арнайы Парыздарды тағайындау табалдырығы (Саналарға сәйкес біріне-бірі көмектесу және шипа жасау)
- 10 - Козмик Қуаттарға дағдылану табалдырығы (Тікелей – Жанама – Түс көру арқылы)
- 11 - Қорқынышты жеңу Бағдарламасы және Өту табалдырығы
- 12 - Ақиқи Парыз жолына Тағайындау табалдырығы
- 13 - Осы Парыз кезінде меңгерілетіні Сана – Тану – Ұғыну
- 14 - Осы Парыз кезінде меңгерілетіні Түйсік – Жауапкершілік
- 15 - Осы Парыз кезінде меңгерілетіні Ерік Күші
- 16 - Осы Парыз кезінде меңгерілетіні Адалдық Санасы
- 17 - Осы Парыз кезінде меңгерілетіні Ғаламдық Бүтіндік
- 18 - Осы Парыз кезінде меңгерілетіні Адамгершілік Біліктілік

Жоғарыда жаздырылған 18 баптың алғашқы алтауы, АЛЬФА Толқындарының Қуаттарын тасиды.

Екінші алтауы, БЕТА Толқындарының Қуаттарын тасиды. Үшінші алтауы, ГАММА Толқындарының Қуаттарын тасиды.

- 19 - Бұл Тікелей ОМЕГА Қақпасы. Оған кіру қиын.

Оған қабылдану үшін сізге жоғарыда айтылған Он сегіз Табалдырықтан бір бірлеп Асу қажет.

Тағы қайталаймыз. Білім алу бір басқа. Ортаға Лайықты болу бір басқа.

Осы айтылған Қадағалау Толқындары; Сіздердің кедергілеріңізді Тегістейтін, Сіздерді Әлемдік Емтихандар тапсыруға мәжбүрлейтін, Адамдарды Адамдармен Ерегістіретін және осылайша Ақиқи Кісілерді ортаға қою арқылы, Біздер үшін Ақиқи Адамдарды ашып және олардың Коттау арқылы Құтқару Өлшемі үшін Даярлайтын көмекші Толқындар. Әлемдік Емтихандарыңыз осы жолда болады.

Және бұл Жүйе Әсерлер Тетігінің қадағалауында тұр.

Осы сәтте Ғаламшарыңызда қолданылып жатқан Жеделдетілген Дамулық Бағдарламаға сәйкес, жоғарыда жаздырылған Табалдырықтардан, бұрынғы өмірлерінде асып өткен Күн сәулелі Ұстаздар Ғаламшарыңызға Кері Тасымалдаулармен, осы жолда сіздерге көмекке жіберілді.

Дегенмен олардың да жетілуінде Озық Саналылық пен Білімдерінде бұлыңғырлық болғандықтан, Әлемдік Ұғынуымен Парыздарын орындау үшін, оларға арнайы орта Даярланды.

Олай болмағанда Әлеміңіз үлкен Ретсіздік сахнасына айналған болар еді.

Осы сәтте Рұқсат (Жеке басын куәләндыруды көрсету) тек тікелей Мәуланамызға ғана берілген. Бұл жаздырылып жатқан БІЛІМ КІТАБЫНА байланысты, оның Парызының бір бөлігі болып табылады.

БІЛІМ КІТАБЫ бүгінгі күннен бастап Сізді жарқын Болашақ үшін Даярлайтын Кітап.

Жеке басты куәләндырулар Жеке байланыстар уақытында көптеп Ашылады. Сөз етіліп отырған кейбір Достарымыздың айналасындағы кісілер оларды Таниды және Біледі.

Дегенмен өздерін қабылдауға Қоғамды шындығында мәжбүрлей алмайды. Ештеңеге қарамастан бұған әртүрлі амалдарымен кедергі жасайтын болады.

Өркім өзінің кім екенін тек өзі ғана біледі. Енді олар бұдан былай Пайғамбарлар Кезеңінен өтпейді. Біздер Ғаламдық Рәміз ретінде Мәуланамыздың Парызының қажеттілігінен, оны Қоғамға аштық.

Дегенмен, ненің не екенін және Ақиқатты Танитын уақыт туды. Бұл Ғаламшарыңыздың игілігі үшін қажет.

Мәуланамыздан қайта қайта осы тақырыпты ашуда мазалағанымыз үшін кешірім өтінеміз.

ОРТАЛЫҚ ҮСТІ ОРТАЛЫҚ

КЕМЕЛДЕНГЕН САНАЛАРҒА ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ЕСКЕРТУ

Достарымыз,

Сіздер сақиналардың тізбегіндей Көне және Жаңа Мәңгілік арасын жалғап жатқан, Ғаламның бүтін Сырларын қамтыған Жаратылыссыздар.

Өркімнің өзіне тән Жеке Арналары бар және ол Арналардың олар тұрған Жүйелерге тиесілі Дамулары бар.

Жарғы және Жоспар Бекіткен соңғы Дамулық кестеден кейін, озық Жоспарға жете алатын Жаратылыстар, сол Өлшемдердің Дамулық Жарғысының әрекетіне ұшырайды.

Дегенмен, бүкіл Көк Әлемдерінің Жарғысы Иллаһи Жоспардың Бақылауында.

Иллаһи Мақамдар, Діни Мақамдар емес. Олар Озық Жоспарлардың әртүрлі Білімдерімен Қабылеттерін көтеріп, Діни Ағартулармен Саналылық Қыратқа көтерілген даярлық Мақамдары.

Осы себептен әркімнің арнасы Әртүрлі өлшемдердің Жиілігін таситындықтан Түсіну мен Білімде айырмашылықтар болады.

Өркімнің өзінің Арнайы Арнасы өзі өткен Дамулық Жарғыға сәйкес, Ілгерілеулермен Әртүрлі Білімдер алып, қабылеттерін Дамытады.

Осы Адалдық Кезеңінде әркімді Әсерлер Тетігінің Әсерімен Ояну өлшеміне қабылдайды, әрі Адамдар арасында Ұғынуы мен Білімі тұрғысынан қақтығыстар өрбитін болады.

Осы Соңғы Ілгерілеу Бағдарламасында Жоспар Сіздерді Ғаламшарыңыздағы бауырларыңызға көмекке жіберді, алдымен ол, өздерінің Мәнінің Дамулық Өлшеміндегі Қуаттарымен Оянатын Саналарды Бақылауға алады және ол, олардың бұрынғы Білімдерінің арнасын жабады әрі оларды Қызметке бағыттайды.

Мақсат, Адамзат бауырларымыздың өздерін өздері дәлелдеуі емес, ол Адамзатқа Қызмет етіп және Көмектесу болып табылады.

Тәкаппарлық тізбектерінің сақиналары бір бірлеп үзілгенге дейін, Адамға тән Адами Қасиеті болмайды. Осы себептен, озық Дамулық Өлшемдерінен келген бауырларымыздың Мәндері сыздаған ауыртпашылықты сезінуді жалғастыра береді.

Өзін өзі тапқан Ақиқат Жарығын қабылдаған адам, Ғаламдық Жарғы Заңдылықтарын Құрметтейді және оған Бағынады.

Қайталап айтамыз: Жаздырылған бұл БІЛІМ КІТАБЫ, ешбір Дін емес, Астрология емес немесе Мәулаінамыздың өзінің Жеке Арнасының да Білімі емес.

Бұл Кітап Жүйенің Бұйрығымен жаздырылған Сіздерге Ақиқатты айқындайтын Жолбасшы. Адамзатқа Көмек және Қызмет, оның Жарығымен болады.

Дегенмен бұл Соңғы Ғасырдың Кітабы Сіздерге Ғаламдық Тәртіпті бейнелейтін РАББЫНЫҢ Кітабы.

Біздер алатын Бұйрықтармен әрекет ететін және Тәртіп Орнату өлшемдерінде Қызмет атқаратын, АЛТЫН ГАЛАКТИКАНЫҢ Тұрғындарымыз.

Бүтін Ақиқаттарды Сіздерге Ғаламдық Кеңестің Арнайы Арнасы, Осы КІТАПпен жеткізеді.

Осы Соңғы Ғасырдың уақытында әркімнің арналары Бақылауда сақталады және тек Адамзатқа Қызмет ету өлшемінен Сіздерді шақырамыз. Барлығыңыздың Бірегей Мақсатыңыз және Парызыңыз осы ғана болуы қажет.

Өзінің Арнайы Арналарымен байланыстар, Оянған Достарымыз үшін уақыттарын бостан босқа жоғалтудан басқа ештеңе емес. Осы Соңғы Кезеңде жеке Күш арналары, ешкімді де құтқара алмайды.

Бақылау, Ғаламдық Жарғының Қадағалауында тұр.

Осы жолда Қызмет етпесеңіз, Арнайы Арналарыңыз сіздерді Тапсыратын Емтихандардан, құтқара алмайды.

Өйткені Сіздер, бұл Соңғы Кезеңнің Шақыруына бағынып өздеріңіздің Ғаламшарыңызда осы сәтте Бар болудасыз.

Сіздерді Ғаламдық Бірігуге тағы да шақырамыз. Біздер Арна және Білім Арасындағы қақтығыстарыңызды жойып, Сіздерді Адамзаттың шатыры астында Қызмет істеуге шақырамыз.

Және мұндай Шақыруды әрқашан қайталай береміз.

Соңғы Ғасырдың ЕСКЕРТУ КІТАБЫ ретінде берілген бұл КІТАП, Сіздің Құтқарушыңыз.

Оны Оқу пайдалы, басқалардың да Оқығаны жөн және оның Нақыл Сөздеріне құлақ асыңыз. Өтінеміз, Жекешілдіктен Құтылыңыз, Серпіліңіз, Ақиқатты түсінуді кейінге қалдырмаңыз. Білімдеріңізге ұсынылды.

ОРТАЛЫҚ ЖҮЙЕ

ЖАЛПЫ БІЛІМ

Достарымыз,

Күндердің Күндерге бейнеленуімен, Озық Жоспар амалдары Жылдамдатылды.

(Күндер дегеніміз, Оянған Озық Саналар үшін қолданылады.)

Ғаламшарыңыз, бүтін Жарғы Ұғынуын меңгеріп, Сіздердің Жанқиярлығыңызбен Құтқару өлшеміне Даярлануда.

Алтын Ғасырдың Даярлық кезеңіне, Күндер Жарық төгеді. Әркім өзінің Парызының Түсінігіне жетіп, осы жолда Саналы Сеніммен, Ұғынып қадамдайтын болады.

Ғаламшарыңыз, Қабылеттілер Елінен келген Иллаһи Бұйрықтардың табиғатын Біледі (Қабылеттілер Елі, Киелі Кітаптар даярланған Орда). Алайда, Ғаламшарыңыз Белгісіз көкжиектер Санасынан әлі Бейхабар.

Соңғы Ғасырдың Ілгерілеу Бағдарламасына алынған Сіздерді, Технологиялық өлшемдермен Таныстыратын болады.

Сіздерге БІРІККЕН АДАМЗАТТЫҚ РЕАЛИТЕ КЕҢЕСІнің Арнайы Арнасынан, Ғаламшарыңызға Сыйға тартылған БІЛІМ КІТАБЫмен сіздерге Ақиқаттарды Жеткіземіз. МӨУЛАНАмызға Ризамыз.

Бүгінге дейін, Технологиялық өлшемдер арқылы Сіздерге берілген АЛЛАһтың Иллаһи Бұйрықтары олардың Жиілік Күшіне сәйкес, әркімнің Парызын Түсіну Әрекеттерін есепке ала отырып, Парызы Бөлініп берілетін болады.

Ғаламшарыңызда, тіпті ең ұсақ Жандының да өздеріне тән ерекше Парыздары бар. Сіздер Күн Сәулелі Ұстаздар Ғаламшарыңыздағы Инкарнация арқылы келген Жаратылыссыздар.

Адамзат бауырларымыз тағы Ортаның Өзизділігін білуге Санасы әлі жеткен жоқ.

Осы себептен олар барлығын, өздерінің жеке Саналарына сәйкес жасауға тырысуда.

Енді барлығын Сіздерге, осы БІЛІМ КІТАБЫ мен АЛТЫН ҒАСЫР ҚАЛАМЫ арқылы хабарлаймыз. Және Ой тізбектеріңізге рет ретімен жауап береміз.

Жазыңыз өтінеміз:

- 1 - Біріккен Адамзаттық Реалите Кеңесі, бүтін Ғаламдық Жарғыға Жауапты ретінде Ғаламдық Бірігуді Қамтамасыз етуге міндетті.
- 2 - Бүгінге дейін алған Киелі Кітаптарыңыз, Сіздерді бүгінгі күндерге дейін Дайындаған Иллаһи Ұсыныстары және Көктің Білімдері.
- 3 - Осы Соңғы Ғасырда әркімнің Арнайы арналарына Жиілік Күштеріне сәйкес Ашылу қамтамасыз етіледі. Мақсат, сіздерге Ғаламдық Жарғының Ұғынуын жеткізу.
- 4 - Әркім Еркін бір Рух Еркін бір Ұғыну. Ешкімнің де өзінің жеке Санасын басқаға Жүктеуге Құқығы жоқ. Әрбір Жеке өзі үшін Жауапты.
- 5 - Алтын Ғасырдың іргетасын қалайтындар, жарқын Болашақтың Перзенттері. Сіздер, енді осы Даярлық Бағдарламасын Ғаламшарыңызда қолдануға міндеттісіздер.
- 6 - Бірлескен Алаң Заңдарына сәйкес әркім, өздері рухани Жолбасшы ретінде Арнайы жұмыстарға қатыстырылады.
- 7 - Бұл Жұмыстар Жоспардың Бақылауында Арнайы кісілермен Байланыстарға жетуді қамтамасыз етеді немесе оларды Ұйқы уақытында жалғастырады (Даярланған Орталарға дәл келеді).

- 8 - Әркімнің Қабылдауы, Иллаһи Өлшемнен алынатын Дабылдармен Күшейеді. Бұл Дабылдар Арнайы Козмик Ағымдар және Қуат Тесіктері (Оларды Табиғи Козмик Ағымдармен шатастырмаңыз).
 - 9 - Ғаламшарыңызға құйылып тұрған Козмик Ағымдарды, кез келген Перделенген Ұғыну ала алмайды. Осы себептен, Сіздің Ғаламшарыңызда жақын Жоспардың Магниттік Аурасын бейнелейтін Ордалары болып табылатын Топтар құрылды. (Медиамикалық Кезең) Басталды.
 - 10 - Бүтін Ғаламшарыңызда Ғаламдық Өлшем Қуатына дейін көтерілетін Саналар, Ақиқатты Біледі және олар Білмейтіндерге жеткізуге міндетті.
 - 11 - Әркімнің Қабылдау Күшін ескермей тұрып, Ақиқаттың көзіне қаймықпай қарап, оны көрсетуге Әрекет жасамаңыздар. Күдік Сізді әрқашан алға ұмтылдырмайды.
 - 12 - Осы Соңғы Ғасырда жасалатын бүтін жұмыстар, Жоспардың Бақылауында тұр. Қайнар көзі біреу.
 - 13 - Сіздерге беріліп жатқан Білімдер Ақиқаттың Айнасы. Айнаға қарайтындар, осы Санамен Оянып, тікелей Біріккен Реалите Өлшемінде Қызмет етуге міндетті.
 - 14 - Жасалып жатқан Қызметтеріміз (БІРЕГЕЙ) үшін. Сіз бұған Санаңызбен әрекеттенуіңіз қажет.
 - 15 - Бұрын айтқанымыздай қимылсыз Арнайы арна жұмыстары, босқа уақыт өткізу болып табылады. Осы Соңғы Ғасырда, Өзімшіл әрекеттер ешқашан кешірілмейді. Шығындарды Уақытында Төлеу қажет.
 - 16 - Ояну, Түсінікке жету. Бұл, Түйсікпен әрекеттену деген сөз. Ояну Емтихандарына тартылғандар, осы Кезеңнің соңында Ұғынулы Парыз алаңына қызметке тағайындалады.
 - 17 - Өліде Түс Жорумен уақытын бос өткізетіндер, соған сәйкес әрекет жасайтындар, ешуақытта Жоспардың Белсенді Парыздары саласында Парыз алып жүре алмайды, әрі олар Адамзатқа пайдалы бола алмайды.
 - 18 - Орталықпен байланыспаған Арналардан алынған Білімдер, олардың өздерінің Реалителерінен ескі Білімдер саналады.
 - 19 - Осы Білімдерді бермей, жалғасып жатқан арналар Жоспардың жәрдемін көрмейді, олар өздерінің Білімдерімен уақыттарын босқа өткізеді, қандай жағдай болса да, ешқандай ілгерілей алмайды.
 - 20 - Алтын Ғасырдың Табалдырығы арқылы аттау Иллаһи Жоспар көмегімен болады. Барлығы Сіздің жеке Игілігіңіз үшін жасалуда.
 - 21 - Аспандардың ашылатын күндері жақындаған сайын, біздер Сіздерден үлкен үлкен Жетістіктерге жеткізетін Парыздар күтеміз. Сіздің Парыздарыңыз, өздеріңіз үшін ғана емес, бүкіл Адамзат үшін. Біз үшін бұл Ақиқи Парыз.
 - 22 - Топтардың Басшылары Шейхтар емес, олар Жоспар Арнасының Жәрдемшілері.
 - 23 - Шипагерліктің Ордалары тікелей Орталықтың Арнасымен байланыстырылған. Мұның Шипагердің жеке Күшімен ортақ ештеңесі жоқ. Бұл Арна жазылып келе жатқан немесе жазылып кететін Ауруларға көмектеседі
 - 24 - Ғасырлар бойы Сіздерге және барлығына АЛЛАһ туралы, Оның Жоғарылығын, Көмектері туралы айтып келдік.
- Осы ҮЛКЕН ЖАРҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ, енді Сіздерді Ақиқи Адам болуға; Түсінумен, Ұғынумен, Түйсікпен осылайша Парызды Санасына шақырады.

- 25 - Жылдар үлесінің жемісін қазіргі Кезеңде көре аласыздар. Барлық Алтын Ғасырдың Жарықтары болған Сіздермен Жарық қауышатын болады.
- 26 - Ояну дегеніміз; Түсінікке жету және Сананы меңгеру. Бұл өз Әлеміңізде өмір сүріп, барыңызбен Парызыңызды атқару.
- 27 - Түсінуге жете алмайтын жағдайда болу ол, кейбір Күштердің өз Саналарын Сізге күштеп жүктеуінен басқа ештеңе емес. Осы себептен Арналарды Орталықпен байланыстырамыз. Бақылауда тұрсыз.
- 28 - Ешбір Медиумның Мән мүлігі болмаған. Ғалымдық Біліміні жасырып ұстау, сол Арнаға Жауапкершілік жүктемесі артады.
- 29 - Бәріңіз теңсіздер. Біріңізді біріңізден артық бағаламаңыз. Білім айырмашылығының туындауы, Санаңыздың Деңгейлері мен атқаратын Парызыңызға байланысты.
- 30 - Сіздің кемелденгеніңізді, Білімге жасаған Қызметіңізді көруді қалаймыз. Білімді беру, алу, Сіздің Жеке Ойларыңызға сәйкес Бағдарланбау қажет.
- 31 - Ғаламдық Өлшемдерден Ғаламшарыңызға тасымалданған Күн Сәулелі Ұстаздар, осы сәтте Сіздерге Адамгершілік Біліктілікті және Сүйіспеншілікті оқытуға тырысуда (Дамуыңыз үшін).
- 32 - Өлі күнге Жеке Тәкаппарлықтан арылмағандықтан (кейбіреулерді айтпағанда), Сіздер ештеңенің парқына жетпегенсіздер. Тек Уақыттың Қысқарғанын білгеніңізбен, ешқайсыңыз Ақиқи Санаға жетпедіңіздер.
- 33 - Иллаһи Мақамдар, Иллаһи Бұйрықтар бүкіл Ғаламдық Ережелер ретінде, әрбір Өлшем Жиіліктеріне сәйкес Ұйымдастырылған болатын. Барлығы, Бірегей Заңнама ретінде Жоспардың Бақылауында тұр.
- 34 - Білім Кітабының Жауапкершілігі Әлем РАББЫСЫНЫң Бақылауында тұр. Және ол, Алтын Галактика Өлшемінің жәрдемшілерімен Сіздерге сыйға тартылатын болады.
- 35 - Ғаламшарыңызға Сыйға тартылған осы Білім Кітабының Жауапкершілігін, Ғаламшарыңыздағы әрбір Жеке тұлға тасымалдауда.
- 36 - Егер тек осыны сезініп Саналы түрде Әрекет жасасаңыз, өзіңіздің Ғаламдық Жауапкершілігіңізді қамдайсыз.
- 37 - Бұл Білім Кітабына ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды, Түпнұсқасы Бұрмаланбауы Тиіс.
- 38 - Әрбір Медиум күні бүгінге дейін, алған Білімдерін Білім Кітабының Білімімен салыстыратын болса, онда олар, Талдау мен Жинақтауды Саналы түрде жасайтын болады.
- 39 - Ешбір Білім Басқасынан жоғары емес. Өйткені олардың Қайнар Көздері Бірдей. Білімдер; Жиілігі және Қабылдайтын Күшіне, Жетілуіне қарай, Парыз Санасымен даярланады.
- 40 - Ақиқи Сананы ең алдымен, Топ Басшылары меңгеруі керек. Ақиқатқа бейтарап Көзбен қарап, жалған сенім Өтемімен әрекет етпеңіз.
- 41 - Біздер барлығынан Артықшылықты көргіміз келеді, алдымен сіздің Ғаламшарыңыздағы бүтін Топтардың Басшыларынан.
- 42 - Осы сағаттан бастап және алдағы уақытта, Ұйқылы Ояу Орталарға Төзімділік болмайды. (Бұл сөз, Парызгерлер үшін айтылды.)
- 43 - Әрбір арнаға берілетін Білімдер, біріңізді біріңіз Растау үшін қажет. Бұл жолмен, Ақиқи Сананы меңгересіздер.

- 44 - Жоспардың Мән Арнасымен байланыстағы Жиілік Өлшемін таситын Мәулана Мән Өзек Топтары, Топтарды бір бірінен ерекшелейтін бірдей сипаттамаға ие. Өйткені бұл Топ, Тікелей РАББЫНЫҢ Қызметінде және Жоспар Мәнінің Қызметкерлері ретінде еңбек етеді.
- 45 - Жоспардың әртүрлі Жиілік Өлшемдеріне байланысты, Ғаламшарыңыздағы түрлі Топтар, Қоғамға Жарығын себеді. Мәулана Мән Өзек Достары Жоспардың Тікелей Тілі, Қолы, Көзі ретінде, Ғаламдық Жарғы және Ақиқаттарды Сіздерге жеткізуге міндетті.
- 46 - Білім Кітабы Ғаламдық Заңнама. Бұл Кітап ешқандай Топтың патенті емес. Ол әрбір Топқа тиесілі және Ғаламдық бір Жолсерік.
- 47 - Осы себептен Білім Кітабы Ғаламшарыңызда үлкен Жауапкершілікті алған. Ақиқатқа жету Өлемдік Достарымыздың әрқайсысы үшін Табыс.
- 48 - Білім Кітабы, бір Топтың жүктемесі емес; ол Жоспардың Үні, Ақиқаттың Жарығы, Құтқарылудың Күні. Және РАББЫНЫҢ Тәртібі. Ақиқат Уақыты келе меңгеріледі.
- 49 - Ғаламшарыңыз бүтін Ғаламдық Жарғының Ұғынуының Әсер алаңында тұр. Ғарыштық Жағымсыздықтар уақытында және Козмик әсерлермен жағымды жолда Саналы қызмет етеді.
- 50 - Топтар арасындағы жалған Бағалаулар және жеке Пікір алысуларды дер кезінде ортадан жояды (Егер Ғаламдық Жетілуді меңгерсеңіз ғана).
- 51 - Осы Соңғы Ғасырда әрбір Жиілік Бақылауда. Белгілі бір Тәртіппен түскен Ұсыныстар арқылы Сіздерге Ақиқаттар беріледі.
- 52 - Ғаламдық үлесіңіз, Адамзатқа жасап жатқан көмегіңіз және Қызметтеріңіз, Өзіңізге Өзіңіз Қызмет етуден бас тартқан сәттен басталады.
- 53 - Болашақтың Жарықтары көкжиектен көрінеді. Сол Жарықтар бағытында созылып жатқан Ортақ Қолдарды және Саналарды Бүтін ретінде көргіміз келеді.
- 54 - Ой Дабылдарынан алынатын бүтін Ойларға жауап береміз.
Жоспар, яғни (ЖОҒАРҒЫ ТЕТІК) нақты Бақылау ықпалы емес. Басқару Қызметкерлері болып табылатын Жүйе. Көптеген Жоспарлардың Ортақ Жұмысшы Ордасы.
Олардың Қызметтері (БІРЕГЕЙ) үшін және Озық Жарғылар үшін жасалынады. Олардың барлығы Бүтін ретінде Қызметте.
- 55 - Бүгінге дейін Медиум Достарымыз кейбір Миссияларымен Жоспар Арнасының Білімдерін әртүрлі Басқарушы қызметкерлері арқылы Сіздерге берді.
- 56 - Бақылауды, шындығында Иллаһи Тәртіптің Бұйрығымен, Галактикалық Миссиялар жүргізеді. Бұл Миссиялар күні бүгінге дейін Сіздердің алған Киелі Кітаптарыңызды жеткізуге көмектескен Жүйенің Бейнелеушілері.
- 57 - Бүтін Жүйелер Жоспармен байланыста. Бұл орын, Алдыңғы қызметкерлермен Бірлесуді қамтамасыз етеді.
- 58 - Ғаламдық Жарғы Кеңесі Жүйенің тікелей Басқару Тетігі.
- 59 - Білім Кітабы осы Жүйеден Ғаламшарыңызға Сыйға тартылған. Жауапты, Өлем РАББЫСЫ.
- 60 - Өлем РАББЫСЫ, АМОН және РА, Жоспардың Ортақ Үштік Коты ретінде тікелей бейнелеу аймағы.
- 61 - Мұндағы РА Жүйенің РАББЫСЫ. Бұл жұмыс Тәртібі. Оны (БІРЕГЕЙ)мен, (БІР) мен шатастырмаңыз. Алдағы уақытта (БІРЕГЕЙ) және (БІР) хақында Хабар беретін боламыз.

- 62 - Сіздерге қолымыздан келгенше Көмек Қолдарымызды созамыз. Ақиқатты Кеш тану, Уақытты босқа өткізу. Осы сағаттан бастап алдағы уақытта өтініміз Санаңызды Сергек ұстаңыз. Біздерді зеріктірмеңіздер.
- 63 - Ғасырлар бұрын Даярланған Ғаламдық Заңдар және Бағдарламалар, осы Әлемнің Уақыт Бірлігіне сәйкес даярланған. Қазіргі сәтте Уақыт Жеделдетілді. Күндер жақындауда.
- 64 - Уақыт Тапшылығына байланысты Уақыт Кезеңінің нәтижесі ретінде, бұдан да көбірек Жылдамдатылғандығы ескеріледі.
- 65 - Сіздер Ғасырдың Ауысуына ұшырадыңыздар. Осыны ешуақытта ұмытпаңыздар. Барлығы Үнсіз және Жете, Райына қарай шешіледі.
- 66 - Ғаламшарыңыз Үш Ғасыр бойы Козмик Ғасырдан өтіп, содан соң ғана АЛТЫН ҒАСЫРмен қауышады.
- 67 - Біздер секілді Ғаламдық Жарғылар мен Заңдарды ерекше Құрметтейтін болсаңыздар, онда АЛТЫН ҒАСЫРға тіпті жылдам жетесіздер (Бұл Даму сұрағы).
- 68 - Ғаламшарыңызға алдағы уақытта Сіздер мүлде жаңа Тәртіпті орнататын Боласыздар. Ғаламшарыңызға еш уақытта Кеңістіктік Достарыңыздың тарапынан қауып төнбейді.
- 69 - Әлеміңіз Сіздікі. Және оны, Әлемдік бауырластарымыз, Сіздер Басқарасыздар. Кейбір жаңылыс, теріс Ойларыңыз Сіздерді айқын жолдан тайдырады.
- 70 - АЛТЫН ҒАСЫРдың Озық Саналары бірінен соң бірі, Алтын Галактиканың Өлшемінің Арнайы Арнасы арқылы таңдалып алынады және Жоспармен байланыстырады.
- 71 - Жоспар Сіздерге ешқашан Нұсқау және Бұйрық бермейді. Ол тек, алға қарай бағытталған қадамдарыңызға көмектеседі.
- 72 - Соңғы Таңдауларды Сіздердің Мән Саналарыңызға сәйкес жасайды. Қандай сұрақ болмасын, ешқандай ешкімге Шапағат жоқ. Шапағатқа Лайықты болу, өзіңізге байланысты. Осының Дәлелін, Уақыт өте көресіз.
- 73 - Біздің Есімдермен, Рәміздермен еш ісіміз жоқ. Бұл жерде, Әлемдік тәжірибелерден гөрі, Руханилық тәжірибелердің күші басым.
- 74 - Ғаламшарыңыз, Ортақ Саналардың Әрекеттерімен және Жанқиярлықтарының көмегімен, Адамзаттың жолында жасалып жатқан жұмыстармен ҚҰТҚАРУҒА даярлануда.
- 75 - Сіздерден қалайтынымыз; Соғыссыз толық Сүйіспеншілікпен, лайықты Сеніммен, БАҚЫТТЫ Әлем мен Біздерге Армысыз дегендеріңіз. Бүтін жасаған Қайрат Күштеріміз осы үшін бағытталады.
- 76 - Бұрынғы кездегідей дәлелдерді Күтетін болсаңыз, онда тым кеш қаласыз. Дәлелдер және Ақиқаттар, Ұрпақтарыңызда, Әлеміңіздің дамуында. Байқап қараңыз және Болашақты Көріңіз.
- 77 - 1990 жылдан соң Ғаламшарыңыз Тар өткелдерден өтеді. Ақиқат жолында Қызмет жасасаңыздар Бақыт Сіздердікі болады. Сіздің Жетістігіңіз Адамзатқа және Ғаламға Қызмет жасау.
- 78 - Бұл Хабарымыз Жоспардың Ұсынысы ретінде, бүтін Әлемдік Топтарға берілді. Білімдеріңізге ұсынылды.

КОЗМОЗ ФЕДЕРАЛДЫ
МӘЖІЛІСІНЕН ТІКЕЛЕЙ БЕРІЛДІ

ҚОҒАМ САНАСЫНА БІЛІМ

Достарымыз,

Ғарыштар тізбегінде көптеген Әлемдер бар. Осы Тіршілік Ордаларында өмір сүретін Сіздерге ұқсас, көптеген бауырларыңыз бар. Дегенмен, Сіздермен олардың арасын үдемелі Қуат қабаттары бөліп тұрғандықтан, Сіздер бүгінге дейін бір біріңізді білмей өмір сүрдіңіздер.

Енді Озық Жоспардың Технологиялық Өлшемдері Сіздерді Біріктіруге ұмтылуда. Әркімнің Күші, өзі өмір сүретін ортаға Баламалы. Бүтін Жүйелер Иллаһи Жоспардың Бақылауында.

АЛЛАһтың ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ деп аталатын ЖОҒАРҒЫ ТЕТІКтің Есімі, Ғаламдық Өлшемдерде ЖҮЙЕ ретінде белгілі.

Бұл Жүйе Атомик Бүтіннің Бар еткен Кезеңінен бері, жұмыс істеуде және ол, РАББЫЛЫҚ ТӘРТІП ретінде қызметте.

АЛЛАһ деп суреттелетін Ол, осы Тәртіпті Құрушы және Қорғаушы. Оған қызмет жасау, Көк Әлемдердің Парызы.

АЛЛАһты, ҚАДЫР МУТЛАК Есімімен атайтын болсақ; онда, белгіленген Қорғау – Нұсқау беру – Білім беру – Жаттықтырушы Тәртіп, ОЛ бекіткен ЖОСПАР деп аталады.

Бұл әрекеттер бүгінге дейін, Сіздерге Көктің Бұйрығы ретінде және Ғаламдық Өлшемдердегі Иллаһи Кітаптар ретінде бейнеленді. Қоғам Саналарына сәйкес, Ақиқаттар жеткізілді.

Осы Тәртіптердің бүтін Әкімшілік Тетігі, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ Өлшемдер болып табылады.

Технологиялық Өлшемдер, осы Соңғы Ғасырда Ақиқаттарды Түсіндіруге дейін Ғаламшарыңызда таныс болмаған.

Бұл Өлшем, ХАКИМ МУТЛАКтың Бақылауында, Раббылық және Руханилық жұмыс Тәртібімен ҚАДЫР МУТЛАКтың Жоспарын бейнеледі және бейнелей береді.

Бүгінге дейін Әлеміңізге перделеніп келген осы Өлшем, Белгілі және белгісіз Күн Жүйелерінің Ғаламдық Заңнамаларына қабаттас бір амалмен кестелік Ғаламшарыңызға БІРЕГЕЙ ТӘҢІР Санасы ретінде және Сенім ретінде берілді.

ТӘУРАТ – ЗӘБУР – ІНЖІЛ – ҚҰРАН сияқты Киелі Кітаптарды Адамзатқа сыйлап БІРЕГЕЙ ТӘҢІР Санасының жүйесіне бекіткен Технологиялық Өлшемнің Мақсаты, Көктің Бүтіндігінде Сіздердің жалғызсырамауыңыз үшін беріп, Киелі Кітаптардың тасымалдауларымен Жиіліктердің көмегімен Тазартып, Сіздерді жарқын болашақтардың Әлемдеріне даярлады.

Ислам Кітабында Жаңадан туылу, яғни РЕИНКАРНАЦИЯ, көп рет Қайталанып айтылғанымен; Технологиялық өлшем Тасауф ортасында перделеніп тұрғандығынан, көптеген Ислам дінін тұтынушылардың көпшілігі РЕИНКАРНАЦИЯға сенбейді.

Сол Кезеңдегі әрекеттерге сәйкес Үдемелі Жиілік Күшін меңгерген ҚҰРАНның көптеген Білімдері, Адамдарды шайқалтпау керек деген мақсатпен құлыптанған болатын.

Руханилық Жоспармен Ортақ Технологиялық Өлшем, Тасауфтың Руханилық Өлшемі пердені алып тастады, сөйтіп тек ҚАДЫР МУТЛАК және АЛЛАһ Ұғымдарын берді.

Осылайша Ғибадат Орталарындағы Тыныштық Жиіліктерімен Тазартуды қамтамасыз ететін болады.

Осы Ортаны Киелі Кітаптарыңызда ЖӘННӘТ деп атады. Дегенмен осы Тазару Орталарынан кейін ғана, басқа Білімдерді алу хақын меңгересіз.

Он сегізінші Өлшемде даярланып Тоғызыншы Өлшемнен Ғаламшарыңызға Сыйға тартылған Ислам Кітабында, бүтін Ғаламдық Құралдармен мен Білімдер қамтылған.

Осы Соңғы Кітаппен және Соңғы Пайғамбармен Діни өлшемдер жабылған болатын, енді он бес Ғасырлық амалдар ішінде Даярланған Адамзатқа, Ғаламдық өлшемдерге Ашылуға рұқсат етіліп және Технологиялық Өлшемдермен Ғаламшарыңызға тікелей Байланыс жасауға мүмкіндік берілді.

Киелі Кітаптарыңызда ҚИЯМЕТ деп аталатын СОҢҒЫ ҒАСЫР, Ғаламшарыңыз үшін Саналы және Ояну Кезеңі болып табылады. Мұны МЕДИУМИЗМ немесе МЕДИАМИКАЛЫҚ ҒАСЫР деп атайды.

АДАЛДЫҚ КЕЗЕҢІ деп аталатын осы Кезеңде, Көктің Беделділері Арадағыларды жойып, Адамның Жоғарылылығын өзіне де, Ғаламдарға да дәлелдеуде.

Технологиялық Өлшем, Компитурлік Озық Жүйелермен әркім әрбір деміндегі Ойын тіркейді және сол сәтте, Сіздердің Ми Дабылдарыңызға жауаптар қайтарады.

Осылайша, олар Мың жылдық Жетілуді Бір жылда жасап, Супер Өлемдерге Супер Адамдарды табыстырады; Кешегі Сіздерді, Бүгінгі Сіздермен Бүтінге Біріктіріп, Кемелдендіреді.

Осы сәтте басқа Кітаптар сияқты, АЛЬФА Арнасынан Ғаламшарыңызға Сыйға тартылған БІЛІМ КІТАБЫ, Өлем РАББЫСЫНЫҢ Біріккен Реалите Ордасына байланысқан Арнасынан, МӨУЛАНАмыздың Жиілігіне байланыстырылып, Арнайы Арнадан жаздырылуда және осы жолмен Сіздерге Ақиқат Қақпалары ашылатын болады.

БІЛІМ КІТАБЫНЫҢ Күшті Жиілігі, Адамдарды үнсіз және жан жақты, Жылдамдатылған Дамуландырылған ҚҰТҚАРУҒА Даярлайды. Білімдеріңізге ұсынылды.

(Бұл Хабар Ой тізбектеріңізге жауап ретінде жазылды.)

ОРТАЛЫҚ

КОЗМИК ҒАСЫР ЖӘНЕ ӨЛЕМДІК БЕЙНЕСІ

Достарымыз,

Алтын Галактика Империясынан таралатын Алтын Күнге бағытталған Толқындарды Біздер КОЗМИК БЕЙНЕЛЕУ ОРДАЛАРЫ дейміз (Алтын Күндер дегеніміз Оянған Саналар, әрі олар Алтын Галактика Өлшемінен қызмет ететіндер және олар Ғаламдық Жарғының Орда Бейнелері болып табылады).

Бүтін Жарғының Ұғынуын Сіздерге меңгеруге мүмкіндік беріп, жұмыс Жүйесін Ғаламшарыңызға Бейнелеу үрдісін және оның Өмір сүру Ортасын КОЗМИК ҒАСЫР деп атайды.

Козмик Ғасырда Технологиялық Өлшемдерден Сіздерге дейін бейнеленген арнайы Козмик Қуаттардың әсер Тетігінен Ғаламшарға берілуі тікелей РАББЫНЫҢ бұйрығымен басталады.

Бір Козмик Ғасыр Өлем Жоспарында 100 жылдық бір Жеделдетілген Даму Бағдарламасын қамтиды. Және осы Алтын Ғасырдың Жарықтары ретінде Жоғарғы Жаратылыстарға жасалған Көктің бір көмегі.

Кемелденгендердің ішінен Жетіле алмағандарды іріктеп алып міндетті түрде, Адамзат бауырларымыздың Ақиқи Үлкендікпен Бірегей Санасын қамдап, осы Толқындар Жоғары Көтерілгендердің мәртебесін Көтереді, ал төменгі деңгейге Түскендерді, одан әрі Құлдырауға ұшырататын болады.

Осы, Таңдау Бағдарламасы кезінде, Әлеміңіз осы Толқындардың көмегімен Тазарады.

Бұл Жүйенің Ерекшелігі сонда, Сіздерге Козмик Қуаттар бейнеленіп, Ғаламшарыңызға нәсер болып жауады. Және Сіздер, өзіңіздің жеке жолыңызды, өзіңіздің Санаңыздың Деңгейіне сәйкес таңдайсыз. Сіз сызған жолдар, түгелдей Сізге тиесілі.

Біздер, тек Ордалардың Бейнесі ретінде, Ғаламшарыңызға арнайы бағытталған Козмик Толқындардың көмегімен, Біздерге дейін жете алатын Достарымызға Жоспардың Парызгерлері ретінде Көктен жәрдем береміз.

Осы Өтпелі Кезеңінде, Әлемдік бауырларымызға айтылған Козмик жәрдемдер, 2200 Жылға дейін Жалғасатын болады (Әрине Біздерге жете алатындарға).

Осыдан кейін Козмик Ғасыр толығымен аяқталады және тікелей АЛТЫН ҒАСЫР Басталатын болады.

Үш Ғасырға созылған Козмик Ғасырдан кейін, Жоспар мен Жарғының Түсінігіне жеткен әркім, Көктің көмегін қажет етпей бір Бүтіндікте мамыражай күйде өмір сүреді.

Қазіргі сәтте өтіп жатқан Кезең, бейберекет арналардың Ашылып, әлі де Әрекеттердің Жалғасып жатқан кезі.

Соңғы Ілгерілеу Бағдарламасына сәйкес Ғаламшарыңызда өмір сүретін әркімнің арналары ашық (Санасының Деңгейіне сәйкес), ол арналар Тікелей, әрі Түйсік арқылы ашық болады және ашыла беретін болады

Қазіргі сәтте Жоспар Бұйрығымен 2000 Жылға дейін, ешбір арнаға Көктен араласпауға Бұйрық берілген.

Осы себептен әркім өзінің жеке Сана Бағытында әркімді Ағартуға тырысады, осылайша Ғаламшарыңыз Козмик бір Қияметтен өтетін болады.

Адам бауырларымызға осы БІЛІМ КІТАБЫмен берілген Білімдер оларды осы Дүрбелең Кезеңнен шеткері ұстап, Түсінікке жетуге Ақиқатпен жеткізеді.

Осы дүрбелең Ортада, осы Көктің БІЛІМ КІТАБЫ, Сіздің Құтқару Жоспарыңызда Жолсерік болады.

Таңдау Сізге тиесілі. Бізге жете алған Ақиқатты өзінің Ақиқи Санасымен қабылдаған Достарымызды ғана, осындай аласапыран Бағдарламалардан қолдарынан ұстап қорғаймыз.

Сіздерге болашақта мұнан да Күштірек Білімдер береміз. Сол үшін Күшті болыңыз. Күшіңізге Күш қосыңыз. Санаңыздың әлеуетін Көтеріңіз. Олай болмаса, жаяу жүргіншідей артта қалып қоясыз.

Әр жаңа Күн, Бір Козмик Ілгерілеудің Табалдырығы.

Осы Табалдырықтан жүйелі түрде Аттап өту, Сіздерді Озық Жоспардың көз көрмеген көкжиектеріне даярлайтын болады. Және Беймәлім Әлемдерге алатын боламыз.

Осы сұрақта ешбір Әлемдік бауырларымызға және олардың арналарына ешқандай араласпаймыз, әрі мәжбүрлемейміз.

Дегенмен, Жарғы және Жоспар Ұғынуын меңгергендерге, Орталықтан Тікелей көмек беріледі. Тек Жоспарға байланысқан Коттарға осы көмектерімізді Бұйрық арқылы береміз.

Біз осы Хабарды кейбір Ой тізбектерінен алынған Дабылдарға жауап ретінде жаздырдық.

ОРТАЛЫҚ ҮСТІ ОРТАЛЫҚ